

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2019 жылдың 24 қыркүйегіндег  
№ 45 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Сауда-клирингілік жүйелерде сауда-саттық өткізу әдістері туралы **ҚАҒИДА**

*(Тақырыптама Биржа Басқармасының 2021 жылдың 26 мамырындағы шешімімен  
өзгертілген)*

---

---

Алматы қ.

2019

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 29 маусымындағы № 24 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- қор нарығында ASTS+ сауда-клирингтік жүйенің екінші релизін өндірістік эксплуатацияға берілген күннен бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 11 қарашасындағы № 39 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 30 қарашасыннан бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 26 мамырындағы № 38 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 01 шілдесіндегі № 21 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2022 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 01 наурызындағы № 6 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 02 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 26 шілдесіндегі № 18 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) пайдаланатын сауда-клирингтік жүйелерінде сауда-саттық өткізудің әдістерін сипаттайды *(осы преамбула Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2021 жылдың 26 мамырындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Қағидада, Биржаның "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатында анықталған, ұғымдар қолданылған.

Осы Қағидада қолданылған басқа ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған, ұғымдар мен терминдермен бірдей.

2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін:

- 1) қаржы құралы деп, Биржада айналысқа жіберілгендерді ғана түсіну керек;
- 2) сауда-саттық деп, Биржа өткізетін сауда-саттықтарды түсіну керек;
- 3) өтінімнің көлемі немесе саны деп қаржы құралдардың өлшем бірлігімен берілген көлемін түсіну керек;
- 4) кесімді баға<sup>1</sup> деп түсіну керек:

дискреттік аукцион өткізгенде – жеке итерация кезінде анықталған және осы қаржы құралымен мәмілелер жасауға болатын максималды мүмкін болатын жалпы сомадаға қаржы құралының бағасы;

арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар өткізгенде – осы қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) осы қаржы құралымен мәміле жасасуға қарсы өтінімдерді (бір бағада немесе осы қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) үшін неғұрлым қолайлы бағамен) таңдаған (кесіп тастайтын) қаржы құралының бағасы;

*(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

- 5) мәмілелер деп, сауда-саттықтарда қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің түсіну керек;
- 6) жабылу аукционының өтінімдері деп, өтінімдер қабылдау кезеңінде немесе сауда-саттықтар жабылу аукционы тәртіптемесінде өткізілгенде өтінімдерді қабылдаудың қосымша кезеңінде сауда-саттыққа қатысушылармен берілген, өтінімдерді түсіну керек *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 7) ашық сауда-саттық әдісі деп өзге тең жағдайларда өтінімді қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау оны нақты қандай сауда-саттыққа қатысушының бергеніне байланысты емес және ықтимал сауда-саттыққа қатысушылардың әлеуетті шектелмеген саны арасында бәсекелестік бар сауда-саттық түсініледі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;

---

<sup>1</sup> Кесімді баға ақшалай да, пайыздық та болуы мүмкін (мысалы, облигацияның номиналды құнына пайызбен); соңғы жағдайда "кесімді бағасы" сөзтіркесінің қолданыстағы синонимі – "кесімдеу мөлшерлемесі" сөзтіркесі.

- 8) жабық сауда-саттық әдісі деп өтінімді қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау оны қандай сауда-саттыққа қатысушының бергеніне байланысты болатын, ал мәмілелер келісім-шарттық болып табылатын сауда-саттық түсініледі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 9) дискретті сауда-саттық әдісі деп әрбір осындай итерация нәтижелері бойынша мәмілелер бағасын анықтай отырып, бірнеше итерацияда өткізілуі мүмкін сауда-саттық түсініледі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 10) тұрақты емес сауда-саттық әдісі деп жекелеген тұлғалардың бастамасы бойынша өткізілетін сауда-саттық түсініледі (осы Ережелерге сәйкес осындай өтініштер беруге құқығы бар тұлғалардың өтініштері бойынша) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

## 2 тарау. ӨТІНІМДЕР

### 2 бап. Өтінімдер туралы жалпы қағида

1. Өтінім деп, сауда-саттықтың қандай да бір қатысушысының мәміле жасауға берген өтінімін түсіну керек, яғни, сауда-саттықтың белгілі бір қатысушысы берген хабарландыруының шарттары бойынша немесе осы хабарландыру беруді қолжеткізерлік ететін шарттар бойынша мәміле жасауды қалауы туралы хабарлау.
2. Өтінімдер келесідей бөлінеді:
  - 1) бағыты бойынша:
    - сатуға өтінімдер, яғни, қаржы құралдарын сатушылары берген өтінімдер;
    - сатып алуға өтінімдер, яғни, қаржы құралдарын сатып алушылары берген өтінімдер;
  - 2) актуалдық дәрежесі бойынша:
    - қолданыстағы өтінімдер, яғни, Биржа қабылдаған, бірақ толық көлемде қанағаттандырылмаған және осы өтінімдерді берген сауда-саттық қатысушылары немесе Биржа, осы Қағидаға және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, күшін жоймаған өтінімдер;
    - қолданыстағы емес өтінімдер, Биржа қабылдамаған, немесе Биржа қабылдап, толық көлемде қанағаттандырылған, немесе Биржа қабылдап, толық көлемде қанағаттандырылмаған, бірақ сауда-саттыққа қатысушысы немесе Биржа, осы Қағидаға және басқа да Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, күшін жойған өтінімдер;
  - 3) бағасын көрсету бойынша:
    - шектелімді өтінімдер, яғни, қаржы құралдарының бағасы көрсетілген өтінімдер.
    - нарықтық өтінімдер, яғни, қаржы құралдарының бағасы көрсетілмеген өтінімдер, демек, аталған өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылары осы өтінімдердің қанағаттандырылуы ықтимал кез келген бағамен мәміле жасасуды қалайтынын білдіреді.
3. Тапсырыстардың белгілі бір түрлері үшін, мәміле жасау ерекшеліктерін түсіндіретін қосымша белгілерді көрсете отырып, сауда-саттық және клиринг

жүйесіне тапсырыс беруге болады. Мұндай тапсырыстар үшін тапсырысты орындау түрі бойынша белгілерді көрсетуге болады:

1) қалдық бойынша:

кезекке қою – өтінім кезекке қойылады, мәміле жасасу рұқсат етілген қарсылама өтінімдер болған кезде жүзеге асырылады;

қалдықты алып тастау – мәмілелер жасалғаннан кейін қанағаттандырылмаған қалдық алып тасталады;

толығымен немесе алып тастау – оның параметрлерін толығымен қанағаттандыратын, рұқсат етілген қарсылама өтінімдер болмаған жағдайда өтінім алып тасталады.

2) бағасы бойынша:

бір бағамен – мәміле, егер ол өтінімде көрсетілген бағадан кем болмаса, бірінші қабылданған қарама-қарсы өтінімнің бағасы бойынша жасалады, ал қанағаттандырылмаған қалдық осы тапсырыс үшін жасалған аяқталған мәміленің бағасына кезекке қойылады. Егер өтінім берген кезде қарсы өтінімдер болмаса, "бір баға бойынша" мүмкіндігі бар тапсырыс "кезекке қою" белгісі бар өтінім ретінде кезекке қойылады.

ертүрлі бағамен – мәміле рұқсат етілген қарсы өтінімдердің бағасымен жасалады. Бір уақытта "толығымен немесе алып тастау" және "бір бағамен" деген екі белгіні көрсетуге болады, бұл жағдайда өтінім барлық көлем үшін бір баға бойынша қанағаттандырылады немесе сауда-саттық және клиринг жүйесімен қабылданбайды.

баға бойынша – өтінімінің орындалу түрі бойынша өтінім берген кезде "орташа сараланған баға бойынша" қосымша түрін көрсетуге болады, ал өтінім бағасы автоматты түрде ағымдағы орташа сараланған деңгейге тең болып белгіленеді.

4. Өтінімдердің белгілі бір түрлері үшін сауда-клиринг жүйесіне айсберг-өтінімді тапсырыс беруге болады, яғни, қосымша белгісі бар өтінімдер: "лоттармен көрсетілген қаржы құралдардың көрінетін саны" (бұдан әрі – бағалы қағаздардың көрінетін саны). Сауда-саттықтың белгілі бір кезеңдері және/немесе сауда-саттық тәртіптемелері үшін мұндай қосымша функцияны көрсетуге сауда-клиринг жүйесінің баптауларымен тыйым салынуы мүмкін.

Айсберг-өтінім беру дегеніміз сауда-саттыққа қатысушыларға өтінім беру кезінде белгіленген қаржы құралдардың көрінетін саны немесе мәміле жасалғаннан кейін есептелген қаржы құралдардың көрінетін санының мәні туралы ақпаратты ашу (бұдан әрі – бағалы қағаздардың ағымдағы көрінетін саны), өтінімдегі қаржы құралдардың қалған саны өтінімдер кезегіндегі сауда-саттыққа қатысушыларға ашылмайды, яғни, жасырылған болып табылады (бұдан әрі – қаржы құралдардың жасырын сомасы).

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*

**3 бап. Өтінімдерді беру, жою және бас тарту**

1. Өтінім беру, оны берген сауда-саттыққа қатысушысының, осы баптың 2 тармағында белгіленгенді қоспағанда, өтінімі негізінде мәміле жасасуға келісімін білдіреді.
2. Сауда-саттыққа қатысушысы берген өтінім негізінде мәміле жасасудан бас тартуға құқылы, егер осы өтінім индикативтік өтінім болып табылса.
3. Шектелімді өтінім беру, оны берген сауда-саттыққа қатысушысының осы өтінім негізінде көрсетілген бағамен немесе осы қатысушыға ұтымдырақ бағамен мәміле жасасуға келісімін білдіреді.

4. Өтiм беру, оның Биржамен сөзсiз қабылдануын бiлдiредi деп түсiнбеу керек. Сондай-ақ, сауда-саттыққа қатысушыларының бiрi берген өтiмдi Биржа қабылдамаса, қанағаттандырыла алмайды.
5. Сауда-саттыққа қатысушысы сауда-саттық өткізудің кез келген сәтінде осының алдында берген өтiмiнiң күшiн жоюға немесе шарттарын өзгертуге құқылы.

Қанағаттандырылмаған өтiмiнiң қолданылу мерзiмi бiр сауда-саттық күндi құрайды. Сауда-саттық сессиясы аяқталғаннан кейiн Биржа осы баптың 9-1 тармағында белгiленген шарттарды қоспағанда, барлық қанағаттандырылмаған өтiмдердiң күшiн жояды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2021 жылдың 26 мамырындағы шешiмiмен өзгертілген)*.

6. Өтiмiнiң күшiн жою келесiдей жүзеге асырылады:
  - 1) сауда-клирингiлiк жүйесiнде сауда-саттық өткізгенде – сауда-клирингiлiк жүйесiнен алып тастау арқылы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2021 жылдың 26 мамырындағы шешiмiмен өзгертілген)*;
  - 2) дауыс беру тәсiлiмен сауда-саттық өткізгенде – сауда-саттыққа қатысушысы берген өтiмiн қайтарып алуы, немесе Биржа осы өтiмiнiң iсте еместiгiн мойындауы арқылы.
7. Сауда-саттыққа қатысушысының берген өтiмдi жою осы өтiмiнiң қанағаттандырылмағна көлемiнде ғана рұқсат етiледi.

Биржа өтiмдi сауда-саттық сессияыс аяқталғанда осы өтiмiнiң қанағаттандырылмаған көлемiнде жүзеге асырады.
8. Өтiмiнiң шарттарын өзгерту үшiн, алдымен оның күшiн жойып, шарттары өзгертілген жаңа өтiмдi сауда-клирингiлiк жүйеде тiркеу арқылы жүзеге асырылады.
9. Қор және валюта нарықтарында өтiмде оны iске қосу уақыты немесе оның қолданылу мерзiмiнiң аяқталу уақыты көрсетiлуi мүмкiн; бұл ретте:
  - 1) осы өтiмде осы өтiм негiзiнде мәмiлелер жасасу мүмкiн болатын сауда-саттық күнi барысындағы уақытты анықтайтын оны iске қосу уақыты көрсетiлген жағдайда:

Биржа осы өтiмдi көрсетiлген уақыт басталғаннан бұрын жоя алмайды;

Биржа сауда-саттық сессиясы аяқталған сәтте осы өтiмiнiң күшiн жояды;
  - 2) осы өтiмде оның қолданылу мерзiмiнiң аяқталу уақыты көрсетiлген жағдайда:

Биржа осы өтiмдi көрсетiлген уақыт басталғаннан бұрын жоя алмайды;

Биржа көрсетiлген уақыт басталған сәтте осы өтiмiнiң күшiн жояды.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2021 жылдың 26 мамырындағы шешiмiмен өзгертілген)*

- 9-1. Деривативтер нарығында өтiмде оның қолданылу мерзiмi аяқталатын күн көрсетiлуi мүмкiн. Бұл жағдайда Биржа мұндай өтiмiнiң күшiн жояды:
  - 1) өтiмде көрсетiлген күн қаржы құралы айналысының соңғы күнi болып табылатын сауда-саттық күнiне дейiнгi күнге тура келсе – осы қаржы құралы бойынша өтiмде көрсетiлген күнге сәйкес келетiн сауда-саттық күнi аяқталғаннан кейiн;
  - 2) өтiмде көрсетiлген күн қаржы құралы айналысының соңғы күнi болып табылатын сауда-саттық күнi күнiмен сәйкес келсе – осы қаржы құралы

айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін;

- 3) өтінімде көрсетілген күн қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күні күнінен кейінгі күнге тура келсе – осы қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 26 мамырындағы шешімімен енгізілген)*

10. Өтінімдер сауда-клирингілік жүйесінде келесідей жағдайларда болдырылмауы мүмкін:

- 1) айсберг-өтінімде көрсетілген қаржы құралдардың көрінетін мәніне қатысты рұқсат етілген минималды мәнінің осындай өнімде көрсетілген қаржы құралдардың жасырылған санына қатынасының бұзылуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2) айсберг-өтінімнің валютасындағы қаржы құралдардың көрінетін санының минималды көлемінің немесе лоттардағы қаржы құралдардың көрінетін санының минималды шамасының белгіленген шектеуінің бұзылуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 3) баға Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесіне сәйкес белгіленген баға коридорының жоғарғы немесе төменгі шекарасынан тыс шығады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 4) сауда-саттыққа қатысушысының бірыңғай шектелімінің теріс мәні пайда болуы;
- 5) қор нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі қандай да бір бағалы қағазға/ сауда-клирингілік шотқа/ клирингілік қатысушыға қатысты бағалы қағаз/ақша бойынша міндеттемелерді орындау нәтижесінде туындайтын, қамтудың болмауына әкеп соқтыратын, мәмілелер жасасуға өтінімдер беруге тайам салатын, шектеулердің болуы;
- 6) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен алып тасталған)*.

#### **4 бап. Демеушілік рұқсаттама клиенттерінің тапсырмасы бойынша сауда-саттыққа оқатысушының өтінім беруі**

1. Сауда-саттыққа қатысушы демеушілік рұқсаттама клиентінің, тапсырмаларды өңдеудің қосалқы жүйесі арқылы берілетін, тапсырмалары негізінде, осы клиенттің мүддесіне мәміле жасасуға сауда-клирингілік жүйесіне өтінім беруге құқылы.
2. Сауда-клирингілік жүйесіне жіберілмес бұрын, өтінім осындай өтінімнің негізінде берілуі мүмкін сауда-саттыққа қатысушы орнатқан шектеулердің сәйкестігі тексеріледі.
3. Егер тапсырма белгіленген шектеулерге сәйкестігі тексеруден сәтті өткен жағдайда, клиенттің тапсырмасын алған сауда-саттыққа қатысушы сауда-клиринг жүйесіне өтінім беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
4. Сауда-саттыққа қатысушы белгілі бір әрекетсіздік шегіне<sup>2</sup> жеткенде, демеушілік рұқсаттама клиентінің мүддесі үшін берілген тапсырыстарды

---

<sup>2</sup> Биржамен анықталатын, сауда-саттыққа қатысушысының өтінімдер берілмеген немесе берілген

автоматты түрде жоюды көздейтін, сауда-клирингiлiк жүйесінде опцияларды қоюға құқылы отключении или потере:

- 1) сауда-клирингiлiк жүйесімен клиенттік қосылу;
- 2) сауда-клирингiлiк жүйесімен сауда-саттыққа қатысушысының қосылуы.

### 3 тарау. САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

#### 5 бап. Сауда-саттық өткізудің әдістері

1. Биржа мынадай сауда-саттық өткізу әдістерін қолданады:
  - 1) үздіксіз қарсылама аукцион әдісі;
  - 2) тікелей мәміле жасасу әдісі;
  - 3) дискреттік аукцион әдісі<sup>3</sup> *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 4) ағылшын сауда-саттық әдісі;
  - 5) франкфурттық сауда-саттық әдісі;
  - 6) голландиялық сауда-саттық әдісі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 7) арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 8) жазылым әдісі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
  - 9) жария ұсыныс әдісі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
2. Осы баптың 1 тармағының 1)-3) және 7)-9) тармақшаларында қарастырылған әдістер сауда-клирингiлiк жүйеде сауда-саттық жүргізу кезінде ғана пайдаланылады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2022 жылдың 01 шілдесіндегі және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Осы Қағидада, Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, Биржаның қызметтік құжаттамасында және хат-алмасуында, биржалық ақпараттарда қолданылатын келесі терминдердің қолданылуы теңқұқылы болып табылады:
  - 1) "дискреттік аукцион әдісімен өткізілетін, сауда-саттықтар" және "дискреттік аукцион";
  - 2) "тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілген сауда-саттықтарда жасалған, мәміле" және "тікелей мәміле" *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;

өтінімдер жойылмаған, немесе олардың шарттары өзгертілген, уақыт аралығы.

<sup>3</sup> Валюта нарығында сауда-саттық жүргізу кезінде пайдаланылатын "дискретті аукцион әдісі" ұғымы Биржа мүшелерінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарында пайдаланылатын "Франкфурттық сауда-саттық әдісі" ұғымымен бірдей *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.



- 3) "арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізілген, сауда-саттықтар" және "арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар" *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген);*
  - 4) "жазылым әдісімен өткізілетін сауда-саттық" и "жазылым әдісі" *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген);*
  - 5) "жария ұсыныс әдісімен өткізілетін сауда-саттық және "жария ұсыныс" *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген).*
4. Сауда-саттықты өткізу әдістерін практикалық пайдалану сауда-клиринглік жүйеде сауда-саттықты өткізу талаптары мен тәртібін анықтайтын Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ сауда-клиринглік жүйеде сауда-саттықты өткізу кезінде – сауда-клиринглік жүйесінің баптауларына, сауда-клиринглік жүйемен жұмыс істеу мәселелері бойынша түсіндірме-нұсқаулық сипаттағы Биржаның материалдарына (сауда-клиринглік жүйесін пайдаланушының басшылығына) және Биржаның сауда-саттық бөлімшесі жұмыскерлерінің нұсқаулары мен түсіндірулеріне сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).*

**6 бап.** *(Осы бап Биржа Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы, 2022 жылдың 01 шілдесіндегі және 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған).*

#### **4 тарау. ҮЗДІКСІЗ ҚАРСЫЛАМА АУКЦИОН ӘДІСІ**

**7 бап.** **Үздіксіз қарсылама аукцион әдісінің негізгі ережелері**

1. Үздіксіз қарсы аукцион әдісі ашық сауда-саттық әдісіне жатады және оған сәйкес сауда-саттыққа қандай да бір қатысушының қолданыстағы өтінімі осы қаржы құралы бойынша сауда-саттыққа басқа қатысушылардың қолданыстағы қарсы өтінімдері есебінен шартсыз және сөзсіз қанағаттандырылатын, онда көрсетілген бағалар осы сауда-саттыққа қатысушы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын мэтчинг принципіне негізделген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*
2. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісін қолдану, сауда-саттыққа қатысушылардың қаржы құралдарын сатуға да, сатып алуға да өтінім беруге және осы өтінімдерді Биржа қабылданған бағасы мен уақыты бойынша сұрыпталуына тең құқықтарын тұспалдайды.

**8 бап.** **Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өтінімдер қабылдау**

1. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде:
  - 1) сауда-саттық жүйесі, осы баптың 2 тармағына сәйкес, қанағаттандырылмаған шектелімді өтінімдердің екі кезегін тізеді (сатуға және сатып алуға);
  - 2) өтінімдерді қанағаттандыру 9 баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сауда-саттық жүйесі қанағаттандырылмаған шектелімді өтінімдердің кезегін келесі тәртіпте тізеді:
  - 1) істегі сатуға берілген өтінімдер қанағаттандырылмаған сату өтінімдері кезегіне тізіліп, олардың бағасының төмендеуіне қарай сұрыпталады (яғни, қанағаттандырылмаған сату өтінімдері кезегінде ең біріншісі болып бағасы ең төмен өтінім тұрады);
  - 2) істегі сатып алуға берілген өтінімдер қанағаттандырылмаған сатып алу өтінімдері кезегіне тізіліп, олардың бағасының өсуіне қарай сұрыпталады (яғни, қанағаттандырылмаған сатып алу өтінімдері кезегінде ең біріншісі болып бағасы ең жоғары өтінім тұрады);
  - 3) егер қанағаттандырылмаған өтінімдердің бір кезегінде тұрған өтінімдердің бағалары бірдей болса, олардың ішінде Биржамен ертерек қабылданғанының артықшылығы болады.

**9 бап.**

**Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өтінімдерді қанағаттандыру**

1. Биржамен қабылданған қандай да бір шектелімді өтінімді қанағаттандыру басқа кезектегі қанағаттандырылмаған шектелімді қарсылама өтінімдер есебінен, осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:
  - 1) аталған өтінім, осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушысына бағасы ең ұтымды болатын қарсылама өтінім есебінен қанағаттандырылады;
  - 2) аталған өтінімді қанағаттандыру басқа кезекте тұрған бірінші қанағаттандырылмаған қарсылама өтінімі есебінен жүзеге асырудан басталып, осы өтінімді толық көлемде қанағаттандырылғанға дейін немесе басқа кезектегі, бағасы өтінім берген сауда-саттыққа қатысушысына ұтымды болатын, қанағаттандырылмаған қарсылама өтінімдері тамамданғанша дейін (аталған жағдайлардың қайсысы бірінші орын алатынына қарай) жүзеге асырылады;
  - 3) осы өтінім қарсылама өтінім есебінен жарым-жарты қанағаттандырылғанда, мәміле осы өтінімдердің ең аз көлемінде жасалды деп саналады;
  - 4) аталған өтінімді бірнеше қарсылама өтінімдер есебінен қанағаттандырғанда бағасы әр түрлі бірнеше мәмілелер жасалып, ал осындай мәмілелердің жалпы көлемі осы өтінімнің көлеміне тең немесе одан аз болуы мүмкін;
  - 5) осы өтінім толық көлемде қанағаттандырылғаннан кейін, ол қанағаттандырылмаған өтінімдер кезегінен алып тасталады;
  - 6) егер осы өтінім толық немесе жарым-жарты қанағаттандырылмаса, ол аталған қағаттандырылмаған өтінімдер кезегінде сақталды.
2. Айсберг-өтінімді қанағаттандыру бағалы қағаздардың ағымдағы көзге көрінетін санын есептеудің келесі ерекшеліктерін ескерумен жүзеге асырылады:
  - 1) өтінім бергендегі бағалы қағаздардың ағымдағы көзге көрінетін қаржы құралдардың санының мәні өтінімде көрсетілген көзге көрінетін бағалы қағаздар санына сәйкес келеді;
  - 2) егер рұқсат етілген қарсылама өтінімде көрсетілген сан, ағымдағы көзге көрінетін қаржы құралдар санынан кем болса, онда:

мәміле жасасу, рұқсат етілген қарсылама өтінімдегі қаржы құралдарының санынан шыға отырып, жүзеге асырылады;

ағымдағы көзге көрінетін қаржы құралдардарының санының жаңа мәні есептеу ағымдағы көзге көрінетін қаржы құралдарының санын есептеу сәтінде қолданыста болған және рұқсат етілген қарсылама өтінімде көрсетілген, қаржы құралдарының саны арасындағы айырма ретінде жүзеге асырылады;

- 3) егер рұқсат етілген қарсылама өтінімде көрсетілген, сан ағымдағы көзге көрінетін қаржы құралдарының санынан тең болса, онда:

мәміле, рұқсат етілген қарсылама өтінімде көрсетілген, қаржы құралдарының санынан шыға отырып, жасалады;

қаржы құралдарының ағымдағы көзге көрінетін санының жаңа мәні, өтінім бергенде көрсетілген, қаржы құралдарының көзге көрінетін санына тең болып белгіленеді;

- 4) егер рұқсат етілген қарсылама өтінімінде көрсетілген сан қаржы құралдарының көзге көрінетін санына тең болса, онда:

мәміле рұқсат етілген қарсылама өтінімде көрсетілген бағалы қағаздарының санына және айсберг-өтінімдегі бағалы қағаздардың ағымдағы санына байланысты бірнеше кезеңмен жасалады. Осы айсберг-өтінімде көрсетілген бағалы қағаздарының ағымдағы санын қанағаттандырғаннан кейін, қарсылама өтінім (көлемі жеткілікті болған жағдайда) кезекте тұрған барлық қалған өтінімдерді берілген бағамен (бар болса), берілген айсберг-өтінімге жеткенше дейін бірте-бірте қанағаттандырылады. Содан кейін қанағаттанушылық циклы қарсы тапсырыс көлемі аяқталғанша немесе айсберг-өтінім толығымен қанағаттандырылғанға дейін қайталанатын. Айсберг-өтінім негізінде жасалған мәміледегі бағалы қағаздарының саны, әрбір айсберг-өтінімі үшін, тиісті айсберг-өтінімін қанағаттандырудың барлық кезеңдерін ескере отырып, жалпы анықталған бағалы қағаздарының санын құрайды;

айсберг-өтінімдегі бағалы қағаздарының ағымдағы көзге көрінетін санының жаңа мәні, әрбір жаңа кезеңдегі ағымдық көзге көрінетін бағалы қағаздарының толық қанағаттандырылуымен, айсберг-өтінім беру кезінде көрсетілген бағалы қағаздардың көзге көрінетін санына тең болады (егер айсберг-өтінімінің қалған бөлігі бағалы қағаздарының көзге көрінетін санынан кем болса) осы өтінімді беру кезінде көрсетілген, ағымдағы көзге көрінетін бағалы қағаздарының саны айсберг-өтінімнің қалған көлемінде белгіленеді).

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*

3. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде сауда-клирингтік жүйесінің баптауларымен нарықтық өтінімдер беру мүмкіндігі орнатылуы мүмкін, бұл ретте:

- 1) нарықтық өтінімді берген кезде, "кезекке қою" және "толығымен немесе қабылдамау" өтінімді орындау түріндегі белгілерді қоспағанда, қосымша белгілерді көрсетуге рұқсат етілмейді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*;

- 2) нарықтық өтінімнің шарттары оның қанағаттандырылуын қарсылама өтінімдердің кез келген бағасымен немесе қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегіндегі бірінші қарсылама өтінімнің бағасымен ғана қамтамасыз ете алады;

- 3) Қарсылама өтінімдердің кез-келген бағалары бойынша оның қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін нарықтық өтінімді қанағаттандыру, бірінші қанағаттандырылмаған өтінімдердің кезек кезегінен басталады және осы өтінім толық қанағаттандырылғанға дейін

немесе қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегінен қарсылама өтінімдер таусылғанына дейін (екі жағдайдың қайсысы бірінші туындауына байланысты) жүзеге асырылады; соңғы жағдайда, осы өтінім қанағаттандырылмаған көлемде Биржамен жоюылады;

- 4) нарықтық өтінімді қанағаттандыру, оның шарттары қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегіндегі бірінші қарсылама өтінімнің бағасы бойынша ғана болатындығын қарастыратын, осындай қарсылама өтінімнің бағасымен және осы өтінімдердің ең аз мөлшерінде ғана жүзеге асырылады; осы өтінім толық қанағаттандырылмаған жағдайда, оның шарттарына қарай, Биржа осы өтінімді қанағаттандырылмаған көлемде жойяды немесе шектеулі өтінімге қайта қалыптастырылады, оның бағасы осы өтінімнің қанағаттандырылу бағасына тең, ал мөлшері осы өтінімнің қанағаттандырылмаған мөлшеріне тең болады.

## 5-тарау. ТИКЕЛЕЙ МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАСУ ӘДІСІ

### 10 бап. Тікелей мәмілелер жасасу әдісінің негізгі қағидалары

Тікелей мәмілелер жасасу әдісі жабық сауда-саттық әдісіне жатады, осы әдісті пайдалану әрбір жеке мәміле сауда-саттыққа екі қатысушы арасында келіссөздер жүргізу және олардың арасында осы мәмілені жасасу туралы келісімге қол жеткізу нәтижесінде жасалатынын болжайды.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

### 11 бап. Тікелей мәмілелер әдісімен жасуға өтінімдер беру және мәміле жасасу

1. Тікелей мәмілелер жасасу әдісімен сауда-саттық кезінде сауда-саттыққа қатысушы өзінің тікелей өтінімі бойынша қарсылама өтінім алғаннан кейін, сауда-саттық аяқталғанға дейін тікелей өтінімде көрсетілген шарттар бойынша контрагентпен мәміле жасасуға немесе жаңа шарттармен контрагентке тікелей өтінім жіберуге немесе алынған өтінімді қабылдамауға құқылы.
2. Тікелей мәмілелер жасасу әдісімен өткізілетін сауда-саттық кезінде мәмілелер келесідей жасалуы мүмкін:
  - 1) қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысы индикативтік баға белгілеуді беріп (жариялап), кейін осы индикативтік баға белгілеуге жауап қатқан (соның негізінде мәміле жасасуға ниеттенген) сауда-саттыққа қатысушысымен келіссөз жасасу арқылы;
  - 2) индикативтік баға белгілеулерсіз қарсылама тікелей өтінімдер беріп (жариялап), сауда-саттыққа қатысушылардың тікелей алдын ала келіссөздер өткізуі негізінде жасалуы мүмкін.
3. Сауда-саттыққа қатысушының индикативтік баға белгілеуді беруі (жариялауы) осы индикативтік баға белгілеу негізінде мәміле жасасуды міндеттемейді.
4. Қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысының өтінімі, егер басқа сауда-саттыққа қатысушысы осы өтінім негізінде жасалатын мәміленің бір тарапы бірінші сауда-саттыққа қатысушысы болғанын қаламаса, екіншісінің істегі тікелей қарсылама өтінімі есебінен қанағаттандырылмайды.
5. Тікелей мәміле жасасу әдісімен сауда-саттық өткізгенде сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы келіссөздерге келген қолжетімді тәсілмен

(телефон арқылы, сауда-саттық жүйесі арқылы немесе басқа да амалдармен) жүзеге асырылуы мүмкін.

## 6 тарау. ДИСКРЕТТІК АУКЦИОН ӘДІСІ

### 12 бап. Дискреттік аукцион әдісінің негізгі қағидалары

Дискреттік аукцион әдісі ашық және дискреттік сауда-саттық әдістеріне жатады, кесу бағасын іздеуге негізделген және қандай да бір қаржы құралы бойынша жасалған мәмілелердің максималды көлемін қамтамасыз етеді.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

### 13 бап. Дискреттік аукцион әдісімен өтінімдер қабылдау

1. Дискреттік аукционды өткізу кезінде сауда-клирингтік жүйесі өтінімдерді қабылдау мерзімін анықтайды, оның барысында сауда-саттыққа қатысушылар өздері анықтаған қаржы құралының бағалары бойынша өтінімдер береді.
2. Сауда-клирингтік жүйесі өтінімдерді қабылдау кезеңінде баға белгілеулерді сақтай отырып, шектелімді өтінімдерді қабылдайды.

### 14 бап. Дискреттік аукцион әдісімен өтінімдерді қанағаттандыру

1. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген жағдайлар болмаған жағдайда, Биржаның өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, берілген аукциондар негізінде, кесімдеу сәтінен бастап, нақты кесімдеу бағасы осы баптың 3 тармағына сәйкес есептелетін болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Дискреттік аукционның итерациясы Биржа іске аспады деп таныды және жарияланып, Биржа қабылдаған барлық өтінімдер келесі жағдайларда жояды:  
сатуға және/немесе сатып алуға өтінімдер болмаған жағдайда;  
егер сатуға өтінімдерде көрсетілген қаржы құралының минималды бағасы сатып алуға өтінімдерде көрсетілген қаржы құралының максималды бағасынан асып кетсе.
3. Кесімдеу бағасы келесідей тәртіпте есептеледі:  
Берілген өтінімдер негізінде, жиынтық түрде, әр бағалық құн үшін бағаның түсу тәртібінде жиынтық сұраныс (сатып алуға ұсынылған бағалы қағаздар саны) есептеледі, ал бағаның өсу тәртібінде, әрбір баға үшін жиынтық түрде, жиынтық ұсыныс (сатуға ұсынылған ҚҚ саны) есептеледі;  
Бағаның әр мәні үшін, мәміленің заты бола алатын бағалы қағаздар саны (барлық мәмілелер берілген баға бойынша жасалады деп болжанған), ең кемінде екі мән ретінде анықталады – жиынтық сұраныстың мөлшері және берілген баға үшін жиынтық ұсыныстың мөлшері;  
ұсынылған өтінімдерде көрсетілген бағалардың жиынтығынан мәміленің мүмкін болатын ең көп көлемінің жасалуын қамтамасыз ететін нақты кесімдеу бағасы анықталады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*

4. Егер мәмілелердің мүмкін болатын максималды көлемі бірнеше бағалық мәндерге қол жетсе, онда кесімдеу бағасы осы мәндердің максимумы мен минимумының арифметикалық ортасы ретінде анықталады (осы баптың 4.1 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен) *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген);*

егер дискретті аукцион барысында берілген барлық шектеулі өтінімдердің ең жоғары сатып алу бағасы сатудың ең төменгі бағасымен қиылыспаса, онда аукционның нақты бағасы анықталмайды.

- 4-1. Осы баптың 4 тармағының бірінші абзацына сәйкес кесімді бағаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда, осындай баға ретінде бағаның неғұрлым жоғарғысы таңдалады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*
5. Дискреттік аукцион барысында берілген өтінім негізінде мәмілелер жасау аукционның нақты бағасы бойынша жүзеге асырылады.
6. Егер дискреттік аукцион кезінде берілген баға белгілеулерді сақтаумен шектелілмді өтінім қанағаттандырылмаса немесе толығымен қанағаттандырылмаса, онда ол (орындалмаған бөлігінің көлемінде) сауда-саттық үздіксіз қарсы аукцион арқылы жалғасқан кезде, өтінімде көрсетілген бағамен (егер Биржаның шешімімен басқасы белгіленбесе) өтінімдер кезегінде сақталады.

#### 15 бап.

#### **Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде дискреттік аукцион әдісін қолдану ерекшеліктері**

1. Үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен өткізілетін қаржы құралдардың сауда-саттығы, ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде сауда-саттық өткізу регламентімен белгіленген жағдайларда, сауда-саттық күн барысында дискреттік аукцион әдісімен өткізілуі мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Дискреттік аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде:
  - 1) Биржаның өтінімдер қабылдау кезеңі деп, Биржа өтінімдер қабылдайтын уақытты түсіну керек;
  - 2) Биржаның өтінімдер қабылдау кезеңінің ұзақтылығы ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде сауда-саттық өткізу регламентінде анықталады;
  - 3) Биржаның өтінімдер қабылдау кезеңінің уақытында әрбір сауда-саттыққа қатысушысы сауда-саттықтың басқа қатысушылары берген өтінімдерінің бағалары мен көлемдері туралы мәліметтерге қолжеткізе алады;
  - 4) Биржаның дискреттік аукцион әдісімен өтінімдерді қабылдау кезеңінде, сауда-саттық барысында үздіксіз қарсылама аукцион әдісімен берілген өтінімдер жойылуы мүмкін, сондай-ақ олардың шарттары өзгертілуі мүмкін;
  - 5) Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңінде берілген өтінімдердің күші жойылуы мүмкін, сондай-ақ олардың шарттары өзгертілуі мүмкін;
  - 6) Биржаның өтінімдерді қабылдау мерзімі, ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде сауда-саттық өткізу регламентінде белгіленген уақыт өткеннен кейін аяқталады
  - 7) бір итерациямен өткізілетін сауда-саттықтар;

- 8) кесiмдеу бағасы осы Қағиданың 14 бабы 3-4-1 тармақтарына сәйкес анықталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешiмiмен өзгертілген)*.
3. Биржаның өтiнiмдердi қабылдау кезеңiнiң соңында Биржа қабылдаған қанағаттандырылмаған өтiнiмдер сауда-клирингiлiк жүйесiнде қолданыстағы деп саналады.

**16 бап.**

**Ашылу және жабылу аукциондары**

1. Ашық және жабық аукциондар Биржада сауда-саттыққа жiберiлген барлық бағалы қағаздарға дискреттiк аукцион әдiсiмен өткiзiледi.
2. Сауда-саттықтың ашылуы мен жабылуының басталу және аяқталу уақыты Биржаның "ASTS+ сауда-клирингiлiк жүйесiнде сауда-саттық өткiзу регламентi" атты iшкi құжатына сәйкес белгiленедi.
3. Аукциондардың ашылу және жабылу уақытында сауда-клирингiлiк жүйесiне, айсберг-өтiнiмдерден және нарықтық өтiнiмдерден басқа, шектеулi өтiнiмдер берiледi.
4. Ашылу аукционның шектеулi өтiнiмдерiнде "Әр түрлi бағамен", "Қалдықты алып тастау" және "Кезекке қою" қосымша белгiлерiн көрсетуге рұқсат етiледi.

Жабылу аукционның шектеулi өтiнiмдерiнде "Әр түрлi бағамен" және "Кезекке қою" қосымша белгiлерiн ғана көрсетуге рұқсат етiледi.

5. Сауда-клирингiлiк жүйесiндегi аукциондардың ашылуы және жабылуы кездейсоқ анықталған сәтте әрбiр бағалы қағазға берiлген өтiнiмдер негiзiнде осындай аукционның бағасы осы мәмiленiң заты болып табылатын бағалы қағаздардың ең көп санымен мәмiле жасасуды қамтамасыз етедi.
6. Ашылу және жабылу аукциондарының бағасы осы тараудың 14 бабының 3-4-тармақтарына сәйкес, дискреттiк аукцион бағасын анықтағандай анықталады, бұл ретте:

- 1) егер бiрнеше баға мәнi лоттардың максималды мүмкiндiгiмен мәмiлелер жасасуды қанағаттандыратын болса, онда теңгерiмсiздiк мәнi (жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың жиынтығы арасындағы айырмашылық) минималды болатын баға таңдалады (модулi бойынша);

- 2) егер көрсетiлген шарттар бiрнеше баға мәндерiмен қанағаттандырылса, шамадан тыс (сатылымдағы өтiнiмдердiң көп бөлiгi) ең төменгi баға таңдалады немесе сұраныс артық болған жағдайда (сатып алуға өтiнiмдердiң көп бөлiгi), ең үлкен баға таңдалады;

- 3) егер көрсетiлген шарттар бiрнеше баға мәндерiмен қанағаттандырылса, онда баға бағаға ең жақын ретiнде таңдалады:

алдыңғы күннiң жабылу бағасы – ашылу аукционын өткiзгенде, немесе ағымдағы сауда-саттықтағы соңғы мәмiленiң бағасы – жабылу аукционын өткiзгенде;

- 4) егер бағалардың ауытқуы бiрдей болса, осы бағалардың неғұрлым үлкенi аукцион бағасы ретiнде таңдалады:

алдыңғы күннiң жабылу бағасы немесе алдыңғы күннiң жабылу бағасы бағалы қағаз үшiн анықталмаған жағдайда – ашылу аукционын өткiзгенде, немесе

соңғы мәмiленiң бағасы – жабылу аукционын өткiзгенде.



**16-1 бап. Валюта нарығында ашылу аукционы**

1. Ашылу аукционы сауда-саттық және бақылау мен қамтамасыз ету жүйесі жұмысының регламентінде анықталған қаржы құралдары бойынша ғана дискреттік аукцион әдісімен өткізіледі.
2. Ашылу аукционының басталу және аяқталу уақыты сауда-саттық және бақылау мен қамтамасыз ету жүйесі жұмысының регламентімен белгіленеді.
3. Ашылу аукционын өткізу барысында сауда-клирингтік жүйеге айсберг-өтінімдерді қоспағанда, лимиттелген өтінімдер беріледі.
4. Ашылу аукционының лимиттелген өтінімдерінде "Өртүрлі бағалар бойынша", "Қалдықты алу" және "Кезекке қою" қосымша белгілерін ғана көрсетуге жол беріледі".
5. Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін осы мәмілелердің мәні болып табылатын қаржы құралдарының неғұрлым көп санымен мәмілелер жасасуды қамтамасыз ететін осындай аукционның бағасы анықталады.
6. Ашу аукционының бағасын анықтау және өтінімдерді қанағаттандыру осы тараудың 14 бабына сәйкес жүзеге асырылады.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*

**17 бап. Қор нарығында ашылу аукционының бағасын анықтау ерекшеліктері**  
*(осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*

1. Егер ашылу аукционның бағасын анықтау кезінде барлық берілген өтінімдердің ішіндегі ең жоғары сатып алу бағасы ең төменгі сату бағасымен қиыспаса немесе сатып алу-сату бойынша шектеулі өтінімдер сауда-клирингтік жүйесінде болмаса немесе ашылу аукционның есеп айырысу бағасы Биржа белгілеген аукцион бағасының шекті мәнінен асып кетсе, ашылу аукционының бағасы анықталмайды.  
  
Егер ашылу аукционының бағасын анықтау кезінде, аукционның есеп айырысу бағасы Биржа белгілеген ашылу аукционының бағасының шекті мәнінен асып кетсе, онда аукцион барысында берілген барлық өтінімдерді Биржа алып тастайды.
2. Ашылу аукционын өткізу барысында өтінім бойынша мәмілелер жасау, осы өтінімнің бағалық шарттары ашылу аукционының бағасымен қиылысса, жүзеге асырылады.  
  
Ашылу аукционын барысында мәмілелер жасасу ашылу аукционының бағасы анықталған сәтте жүзеге асырылады. Ашылу аукционына берілген, баға белгілеулерді сақтаумен шектелімді өтінім толық көлемде қанағаттандырылмаса, ол (орындалмаған бөлігі мөлшерінде) сауда-клирингтік жүйесінде қолданытағы деп саналады.
3. Сұраныс пен ұсыныстың теңсіздігі туындаған жағдайда, ашылу аукционын барысында алдымен нарықтық өтінімдер қанағаттандырылады, одан кейін жоғары бағаға сатып алуға және төмен бағамен сатуға шектелімді өтінімдер қанағаттандырылады. Бағалар тең болған жағдайда, ең алдымен уақыты бойынша бұрын берілген шектелімді өтінімдер қанағаттандырылады.

**18 бап. Жабылу аукционының бағасын анықтау ерекшеліктері**

1. Егер барлық берілген өтінімдердің ішіндегі ең жоғары сатып алу бағасы ең төменгі сату бағасымен қиыспаса немесе сауда-клирингтік жүйесінде сатып



алуға немесе сатуға өтінімдер болмаса немесе есептелген баға Биржа белгілеген жабылу аукционының шекті мәнінен асып кетсе немесе нарықтық баға есептелген баға бойынша толық қанағаттандырылмаса, өтінімдерді қабылдау кезеңіндегі жабылу аукционының бағасы анықталмайды.

Егер өтінімдерді қабылдаудың қосымша кезеңінде жабылу аукционының бағасын анықтау кезінде барлық берілген өтінімдердің ішіндегі ең жоғары сатып алу бағасы ең төменгі сату бағасымен қиылыспаса немесе сауда-клирингтік жүйесінде сатып алуға немесе сатуға өтінімдер болмаса немесе есептелген баға жабылу аукционының бағасының шекті мәнінен асып кетсе, Биржа белгілеген, жабылу аукционының бағасы – осы баптың 8 тармағына сәйкес есептелген соңғы ағымдағы баға болып саналады. Егер Биржаның шешімімен өзгесі белгіленбесе, бағалы қағазбен ең болмаса бір мәміле жасалмаған жағдайда, жабылу аукционының бағасы анықталмайды.

2. Сауда-саттық кезеңінде жабылу аукционының бағасы бойынша мәмілелер жабылу аукционының бағасы бойынша жасалады.
3. Сауда-саттық кезеңінде жабылу аукционының бағасы бойынша, шектелімді өтінімдер, нарықтық өтінімдер, шектелімді және нарықтық өтінімдер сауда-клирингтік жүйесіне, тапсырылған және орындалмаған немесе ішінара орындалған, өтінімді қабылдау кезеңінде және/немесе қосымша өтінімді қабылдау кезеңінде, жабылу аукционның бағасы бойынша беріледі.
4. Сауда-саттықтың жабылу аукционында өтінім бойынша мәмілелер жасау, егер мұндай өтінімнің бағалық шарттары жабылу аукционының бағасымен қиылысса, жүзеге асырылады. Сұранымдарды қабылдау кезеңінде немесе тапсырыстарды қабылдаудың қосымша кезеңінде мәмілелер жасасу жабылу аукционының бағасын анықтау кезінде жүзеге асырылады.
5. Өтінімдерді қабылдау және/немесе аукционның жабылу бағасымен өтінімдерді қабылдаудың қосымша кезеңінде сұраныс пен ұсыныстың теңсіздігі болған жағдайда, алдымен аукционның нарықтық өтінімдері қанағаттандырылады, содан кейін нарықтық өтінімдер, содан кейін жабылу аукционның шектелімді өтінімдері және жоғары бағамен сатып алуға және сатуға шектеулі – төмен бағамен өтінімдер қанағаттандырылады.
6. Бағалар тең болған жағдайда, ең алдымен аукционның уақыты бойынша бұрын берілген шектелімді өтінімдер қанағаттандырылады, содан кейін уақыты бойынша бұрын берілген шектелімді өтінімдер қанағаттандырылады.
7. Сауда-саттық кезеңінде жабылу аукционының бағасы бойынша сұраныс пен ұсыныстың теңсіздігі болған жағдайда алдымен жабылу аукционының нарықтық өтінімдері және нарықтық өтінімдер қанағаттандырылады, содан кейін жабылу аукционының шектеулі өтінімдері, шектеулі өтінімдер, уақыт бойынша бұрын берілген жабылу аукционының бағасы бойынша өтінімдер қанағаттандырылады.
8. Қандай да бір бағалы қағаздың ағымдағы бағасы, келесі ерекшеліктерді ескере отырып, есеп айырысуқ уақытының алдындағы он минуттық сауда-саттықтағы осы бағалы қағаздың орташа саралнған бағасы ретінде есептеледі:
  - 1) Бағаны есептеу, ашық сауда-саттық әдісімен жасалған бағалы қағаздармен сауда-саттық кезінде минутына кемінде бір рет жүзеге асырылады;
  - 2) егер сауда-саттықтың соңғы минутында ашық сауда-саттық әдісімен мәмілелер жасалмаса, онда бағалы қағаздың ағымдағы бағасы осы бағалы қағаздың соңғы есептелген ағымдағы бағасына тең болады.

## 7 тарау. ФИКСИНГ ӘДІСІ

### 19 бап. Фиксинг әдісінің негізгі қағидалары

1. Фиксинг әдісі ашық және дискреттік сауда-саттық әдістеріне жатады, ол кезде Биржа сатуға және сатып алуға қабылдаған өтінімдердің жиынтық мөлшерлері арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етілетін бағаны іздеу принципіне негізделген *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Сатуға және сатып алуға өтінімдер жазбаша түрде беріледі.
3. Сауда-саттық аяқталғаннан кейін Биржа қабылдаған қосымша ауызша өтінімдер жазбаша түрде расталуы тиіс.
4. Өтінімдерге арналған бланкілерді сауда-саттыққа қатысушыларына Биржа ұсынады.
5. Сауда-саттықты фиксинг әдісімен өткізер алдында Биржаның Сауда-саттық департаменті:
  - 1) қажет болса сауда-саттыққа қатысушыларымен қаржы құралының артық көрінетін бастапқы (мәселік) бағасы туралы кеңес беруді өткізеді (егер Биржаның ішкі құжаттарымен қаржы құралының осындай бастапқы (мәселік) бағасын анықтау тәсілі белгіленбесе);
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылардан оларға артық көрінетін қаржы құралының бағасын өзгерту қадамдары және Биржамен қосымша өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтылығы туралы сұрастыруға құқылы;
  - 3) Биржаның негізгі өтінімдерді қабылдауын, қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасын, Биржамен негізгі өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтығын, сонымен қатар Биржамен қосымша өтінімдерді қабылдау кезеңінің ұзақтығын жариялайды.
6. Қосымша өтінімдерді беру тәртібі туралы даулар Биржаның Сауда-саттық департаменті қызметкерінің пікірі негізінде шешіледі, ол түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды; сонымен бірге, қосымша өтінімдер беру кезектілігі туралы даулы жағдайларды әділ шешу үшін, Биржаның Сауда-саттық департаментінің қызметкері сауда-саттыққа қатысушылар мен Сауда-саттық департаментінің басқа қызметкерлерінің пікірлерін сұрауға құқылы.

### 20 бап. Фиксинг әдісімен өтінімдер беру

1. Биржаның негізгі өтінімдерді қабылдау кезеңінде өтінімдер сауда-саттық қатысушыларымен тек қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасымен ғана беріле алады.
2. Сауда-саттық фиксинг әдісімен өткізілгенде нарықтық өтінімдер берілмейді.
3. Биржаның негізгі өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа қабылдаған негізгі өтінімдердің жиынтық тізімі құрастырылып, оған келесі мәліметтер енгізіледі:

барлық сатуға өтінімдерінің жиынтық көлемі туралы;

барлық сатып алуға өтінімдердің сомалық көлемі туралы;

барлық сатуға және сатып алуға өтінімдердің сомалық көлемінің (оң және теріс) айырмашылық көлемі туралы.
4. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізілгенде сатуға, сондай-ақ сатып алуға өтінімдер берілмесе, Биржа осы сауда-саттықтарды іске аспады деп мсойындап, жариялайды.

**21 бап.**

**Фиксинг әдісімен өтінімдердің қанағаттандыру**

1. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізгенде Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға негізгі өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы тепетеңдік (нөлдік айырмашылық) жағдайында, сауда-саттық бір мезгілде ашық та, жабық та деп жарияланады, ал мәмілелер Биржамен қабылданған сатып алуға және сатуға негізгі өтінімдердің көлеміндегі қаржы құралының бастапқы (мәрелік) бағасымен жасалады.
2. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізгенде Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға негізгі өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы тепетеңдік (нөлдік айырмашылық) болмаса, фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізу ашық деп жарияланып, сауда-саттыққа қатысушылар қаржы құралдарын бастапқы (мәрелік) бағамен сатуға және сатып алуға қосымша өтінімдер беруге құқық алады.
3. Фиксинг әдісімен сауда-саттық өткізгенде, Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға негізгі өтінімдердің сомалық көлемдері (қаржы құралының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша берілген негізгі және қосымша өтінімдер) арасындағы тепетеңдік (нөлдік айырмашылық) жағдайында сиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық жабық деп жарияланып, ал мәмілелер Биржамен қабылданған сатып алуға және сатуға қаржы құралының көлемдерінде (қаржы құралына негізгі өтінімдері және қосымша өтінімдердің бастапқы (мәрелік) бағасымен) жасалады.
4. Егер Биржамен сатуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдері Биржамен сатып алуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдерінен асса, онда қаржы құралының бағасы бастапқы (мәрелік) бағасынан бір қадамға түсіріледі.
5. Егер Биржамен сатып алуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдері Биржамен сатуға қабылданған (қаржы құралдарының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша негізгі және қосымша) өтінімдердің сомалық көлемдерінен асса, онда қаржы құралының бағасы бастапқы (мәрелік) бағасынан бір қадамға көтеріледі.
6. Осы баптың 4 және 5 тармақтарына сәйкес қаржы құралының бағасы өзгертілсе, сауда-саттық осы баптың 7 және 8 тармақшаларына сәйкес өткізіледі.
7. Қаржы құралының бағасы бір қадамға өзгертілгеннен кейін сауда-саттыққа қатысушылар осылайша өзгертілген қаржы құралының бағасымен сатуға және сатып алуға қосымша тапсырыстарын беруге құқық алады; бұл ретте:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушылар қосымша өтінімдерін Биржамен қабылданған сатуға және сатып алуға негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемінің арасындағы айырмашылықты азайту бағытында ғана беруге құқылы;
  - 2) көлемі, Биржа қабылдаған сатуға және сатып алуға негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемдері арасындағы айырмашылықтан асатын қосымша өтінім, Биржамен тек осындай айырмашылық көлемінде ғана қабылданады;
  - 3) Биржа қосымша өтінімдерді, тек оларды беру кезегіне сәйкес қабылдайды;
  - 4) егер Биржа сатуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемі Биржа сатып алуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемінен асса, қаржы құралының бағасы алдында өзгертілген бағасынан бір қадамға төмендетіледі;

- 5) егер Биржан сатып алуға қабылданған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемі Биржа сатуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемінен асса, қаржы құралының бағасы алдында өзгертілген бағасынан бір қадамға көтеріледі.
8. Осы баптың 7 тармағында белгіленген процедуралар Биржа сатуға және сатып алуға қабылдаған негізгі және қосымша өтінімдердің сомалық көлемдері арасында тепетеңдікке (нөлдік айырмашылыққа) жеткенге дейін қайталанып, осындай тепетеңдікке жеткенде қаржы құралының бағасы тиянақталады.

Қаржы құралдарының бекітілген бағасымен сатуға және сатып алуға Биржа қабылдаған өтінімдердің (соның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық көлемдері арасында тепетеңдікке (нөлдік айырмашылыққа) жеткенде, фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық жабық деп жарияланып, ал мәмілелер қаржы құралының бекітілген бағасы бойынша Биржа сатуға және сатып алуға қабылдаған өтінімдердің (соның ішінде қосымша өтінімдердің) көлемдерінде жасалады.
9. Торги, проводимые методом фиксинга, могут проводиться в одну итерацию или более в соответствии с пожеланиями участников торгов.

## 8 тарау. АҒЫЛШЫН НЕМЕСЕ ГОЛЛАНДИЯЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӘДІСТЕРІ

### 22 бап. Ағылшын және голландиялық сауда-саттық әдістерінің жалпы қағидалары

1. Ағылшын және голландтық сауда-саттық әдістері ашық, дискреттік және тұрақты емес сауда-саттық әдістеріне жатады, ағылшын немесе голландтық сауда-саттықта сатылатын қаржы құралын жалғыз сатушы болған кезде ғана пайдаланылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығында сатылатын қаржы құралы біртұтас ретінде сатылып, айтылмыш қаржы құралымен (осы Қағиданың 23 бабы 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес осы сауда-саттыққа қатысудан сатушы бас тартуына байланысты голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралымен мәміле жасалмаған жағдайдан басқа) жалғыз мәміле жасалады
3. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы, сатушының қалауы бойынша бір немесе бірнеше итерациямен өткізілуі мүмкін және оған алдыңғы итерацияның көлемімен немесе осы көлемді өзгертіп, сатуға өтінімін қайта беру құқығы беріледі (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген тыйымды ескеріп).

Алдыңғы итерацияның нәтижесі бойынша қанағаттандырылған сатуға өтінімді қайталап беруге тыйым салынады.
4. Ағылшын сауда-саттығы әдісін қолданғанда әрбір итерация сатушымен белгіленген (мәрелік), әдетте, әдейі төмендетілген қаржы құралының бағасымен басталып, аталған қаржы құралын әлеуетті сатып алушыларымен көтеру жағына қарай жалғастырылып, осы қаржы құралымен мәміле жасалғанға дейін жалғасады.

Голландиялық сауда-саттығы әдісін қолданғанда әрбір итерация саутышмен белгіленген (мәрелік), әдетте, әдейі көтерілген қаржы құралының бағасымен басталып, аталған қаржы құралын әлеуетті сатып алушыларымен төмендету жағына қарай жалғастырылып, осы қаржы құралымен мәміле жасалғанға дейін немесе сатушы осы сауда-саттыққа қатысудан бас тартқанға дейін (айтылмыш жағдайлардың қайсысы бірінші болуына қарай) жалғасады.

5. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығын өткізу үшін сатушы Биржаға еркін түрде құрастырылған өтініш (осы бапта әріректе - өтініш) беруі тиіс, онда келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:
  - 1) сатушы таңдаған сауда-саттық (ағылшын немесе голландиялық) түрі туралы;
  - 2) осы сауда-саттығын өткізудің сатушыға ыңғайлы күні <sup>4</sup>;
  - 3) Биржамен сатып алу өтінімдерін қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу уақыттары;
  - 4) сатылатын қаржы құралы туралы;
  - 5) сатылатын қаржы құралының саны <sup>5</sup>;
  - 6) сатылатын қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасы туралы;
  - 7) әлеуетті сауда-саттыққа қатысушылар төлеуі мүмкін кепілдік жарналары туралы <sup>6</sup>;
  - 8) сатылатын қаржы құралы бойынша есептесу шарттары туралы;
  - 9) сатушының пікірі бойынша, аталған сауда-саттықты өткізуге қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтер.
6. Өтініш, сатушыға ағылшын (голландиялық) сауда-саттық өткізудің ыңғайлы күнінен екі күн бұрын, Биржамен қабылдануы тиіс.
7. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттықтар, өтініште көрсетілген сатушыға ыңғайлы осы сауда-саттықты өткізу күніне қарай, Биржамен белгіленген күні өткізіледі.

Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығын өткізу уақыты, осы ағылшын (голландиялық) сауда-саттығында сатылуы болжанатын қаржы құралы қай қаржы құралдарының тобына жататын болса, сол қаржы құралдарға сауда-саттық Регламентінде белгіленген уақытқа дәл келуі тиіс.

Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы бірнеше итерациямен өткізілгенде, сатушы олардың араларында, ұзақтығы сатушының қалауымен белгіленіп үзілістер жариялауға құқылы.
8. Биржа қабылдаған сатушының өтініші сатуға өтінім деп саналады.
9. Биржа ағылшын (голланд) сауда-саттығын өткізу күнін анықтағаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ол осы сауда-саттықтың әлеуетті қатысушыларына (электрондық пошта арқылы немесе сауда-клирингтік жүйесі арқылы) хабарлайды, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында осы сауда-саттық туралы ақпараттық хабарлама жариялайды ([осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген](#)).
10. Егер өтінішке әлеуетті сауда-саттыққа қатысушылары төлейтін, кепілдік жарналар туралы мәліметтер енгізілсе:
  - 1) осындай кепілдік жарнаның көлемін (егер осындай кепілдік жарнаның көлемі Биржаның ішкі құжаттарында белгіленбесе) сатушы белгілейді;

---

<sup>4</sup> Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығы бірнеше күн бойы өткізілуі мүмкін; демек, сатушы өтінішінде бірнеше ыңғайлы күнді немесе бірнеше күн бойы өткізілуі мүмкін ағылшын (голландиялық) сауда-саттығын өткізуді бастауға ыңғайлы күнін белгілеуге құқылы ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

<sup>5</sup> Сатушы сатылатын қаржы құралын еркінше (сатушының қалауымен) белгіленген көлемдерде бірнеше лоттарға бөлуге құқылы; мұнда әрбір лот дербес қаржы құралы ретінде сатылуға жатады ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

<sup>6</sup> Осында және осы бапта әріректе сатушы сауда-саттыққа қатысушылар санына енгізілмейді ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

- 2) аталған кепілдік жарналар, сауда-саттық ашылғанға дейін, Биржаның банктік есеп-шотына аударуға жатады, оның деректемелері осы баптың 9 тармағында аталған ақпараттық хабарламада көрсетіледі;
  - 3) айтылмыш сауда-саттыққа тек осы баптың 1) және 2) армақшаларына сәйкес кепілдік жарналарын өткізу шартын орындаған сауда-саттыққа қатысушылары ғана қатыса алады;
  - 4) осы баптың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес кепілдік жарналарын өткізу шартын орындаған сауда-саттыққа қатысушылардың санын Биржа жариялауы тиіс.
11. Әрбір ағылшын (голландиялық) сауда-саттығының итерациясы басталар алдында, егер:
- 1) сату өтінімі күшін жойды деп мойындалса;
  - 2) Биржа осы сауда-саттықтардың әлеуетті қатысушыларына (электрондық пошта арқылы немесе сауда-клирингiлiк жүйесі арқылы) хабарлайды, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында осы сауда-саттықтардың күшін жою туралы ақпараттық хабарлама жариялайды *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

## 23 бап.

### **Ағылшын және голландиялық сауда-саттық әдісімен мәмілелер жасасуға өтінім беру және мәміле жасасу**

1. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттықтың әрбір жеке итерациясы басталысымен:
  - 1) сатылатын қаржы құралының бағасын өзгерту қадамдары белгіленуі мүмкін;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылар сатылатын қаржы құралының дербес түрде белгілеген бағасы бойынша өтінімдер беру құқығына иеленеді, бұл ретте:

ағылшын сауда-саттығын өткізгенде – өтінім бағасы қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасынан жоғары болуы тиіс;

голландиялық сауда-саттығын өткізгенде – өтінім бағасы қаржы құралының бастапқы (мәселік) бағасынан төмен болуы тиіс;

егер сауда-саттыққа қатысушылар саны екіден кем болса, голландиялық сауда-саттықтар жүзеге аспады деп мойындалып, жарияланады;

өтінім көлемі сатылатын қаржы құралының көлеміне (сатуға берілген өтінім көлеміне) тең болуы тиіс;
  - 3) голландиялық сауда-саттығын өткізгенде сатушы:

сауда-саттыққа әрі қарай қатысудан бас тартуға (сатуға беріліп, қанағаттандырылмаған өтінімнің күшін жоюға);

сатылатын қаржы құралының бағасын (сатуға берілген өтінім бағасын) түсіруге құқылы;
  - 4) ағылшын сауда-саттығының итерациясы:

егер сауда-саттыққа қатысушылар саны екіден аз болса;

егер Биржа сатып алуға өтінімдерді қабылдау кезеңінің уақыт аралығында <sup>7</sup>, ешбір сатып алуға өтінім қабылдасамаса, жүзеге аспады деп мойындалып, жарияланады;

---

<sup>7</sup> Ағылшын сауда-саттығын өткізгенде Биржаның сатып алуға өтінімдерді қабылдауға арналған уақыты

- 5) ағылшын сауда-саттығын өткізгенде:
- сатушы сауда-саттыққа қатысудан бас тартуға (сатуға берілген өтінімінің күшін жоюға) құқығы жоқ;
- сауда-саттыққа қатысушылардың сатып алуға өтінімдері тек қаржы құралының бағасын өсіру жағына қарай ғана беріледі;
- Биржамен өтінімдер қабылданғаннан кейін сатып алуға өтінімдерді қабылдауға арналған уақыт өткен соң, қабылданған сатып алуға өтінім қанағаттандыруға жатады, егер осы уақыт аралығында Биржа басқа сатып алуға өтінім қабылдамаса;
- осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес қанағаттандырылатын өтінім бойынша мәміле, сатып алу өтінімінің бағасымен, осы өтінім көлемінде (сатуға берілген өтінім көлемінде) жасалады;
- 6) голландиялық сауда-саттығын өткізгенде:
- сатушы, егер сатып алуға өтінімдер берілмесе, қаржы құралының бағасын (сату өтінімінің бағасын) түсіреді немесе әрі қарай сауда-саттыққа қатысудың бас тартады;
- Биржа қабылдаған ең алғашқы сатып алу өтінімі (осы Қағиданың 24 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) қанағаттандырылады;
- осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес қанағаттандырылатын өтінім бойынша мәміле, сатып алу өтінімінің бағасымен, осы өтінім көлемінде (сатуға берілген өтінім көлемінде) жасалады.
2. Ағылшын (голландиялық) сауда-саттығының әрбір итерациясы аяқталғаннан соң (осы Қағиданың 24 бабына сәйкес, сатып алу өтінімі қанағаттандырылғаннан кейін) Биржа сатушыға осы сауда-саттықта жасалған мәміле туралы, осы мәмілені жасасқан сауда-саттыққа қатысушылары туралы ақпараттарды қосып, мәліметтер береді.
- Айтылмыш ақпараттар құпия болып табылып, тек сатушыға арналады, ол осы ақпараттың әйгіленуіне және осындай әйгіленудің кез келген салдарына толық жауапты болады.

#### **24 бап. Голландиялық сауда-саттық өткізудің ерекшеліктері**

1. Голландиялық сауда-саттықты дауыс беру тәсілімен өткізгенде, сатып алу өтінімдерін беру кезегі бойынша туындайтын даулы жағдайлар орын алған кезде Сауда-саттық департаментінің пікіріне жүгінеді де, соның пікірі ақтық болып табылып, шағынуға жатпайды; сонымен бірге, сатып алу өтінімдерін беру кезегі бойынша туындаған даулы жағдайларды шешу мақсатында Сауда-саттық департаменті сауда-саттыққа қатысушылардың пікірін және аталмыш департаменттің қызметкерлерінің пікірін сұрауға құқылы.
2. Егер, осы баптың 1 тармағына сәйкес, бірнеше сауда-саттыққа қатысушылары берген сатып алу өтінімдері бір уақытта беріліп, бір уақытта беріліп, Биржа бір уақытта қабылдады деп мойындалса:
  - 1) сатушы сату өтінімінің күшін жоюға немесе оның шарттарын өзгертуге құқығы жоқ;

---

Аралығы, Биржаның өзімен, сауда-саттыққа қатысушылардың іскери мінез-құлықтарын ескеріп, үшке дейін санау принципі бойынша, белгіленеді. Мұнда, «үш»-дегенде ағылшын сауда-саттығы жүзеге аспады деп саналып (егер сатылатын қаржы құралының бастапқы (мәрелік) бағасы бойынша Биржа осы уақыт аралығында сатып алуға бір де бір өтінім қабылдамаса) немесе Биржа, сатып алуға берілген өтінімі Биржамен ең соңғы болып қабылданған, сауда-саттыққа, егер айтылмыш уақыт аралығында Биржа сатып алуға басқа өтінім қабылдамаса, қатысушысына осы қаржы құралын сату туралы жариялайды (*осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген*).



2) голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралы, осындай сауда-саттыққа қатысушылары арасында теңдей бөлінеді, мәмілелер сату өтінімінің соңғы бағасымен, осы көлемде жасалады;

3) егер голландиялық сауда-саттығында сатылатын қаржы құралы аталған сауда-саттыққа қатысушылары арасында теңдей бөлінуі мүмкін болмаса, сауда-саттықтың әдісі ағылшын сауда-саттық әдісіне ауыстырылып, жалғастырылады, бұл ретте:

аталған сауда-саттыққа қатысушылары осы ағылшын сауда-саттығына қатысудан бас тартуға құқылы;

ағылшын сауда-саттығына қатысудан бас тартпаған сауда-саттыққа қатысушысы сатып алуға өтінім беріп, сатылатын қаржы құралының бағасын өсу жағына қарай өзгертуі тиіс;

аталған ағылшын сауда-саттығы жүзеге аспады деп мойындалып жарияланған жағдайда, осы Қағиданың 23 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, соның нәтижесінде ағылшын сауда-саттығы өткізілген голландиялық сауда-саттығы да жүзеге аспады деп мойындалып, жарияланады.

**25 бап.** *(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен алып тасталды).*

## **9 тарау. АРНАЙЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН САУДА-САТТЫҚ ӘДІСІ**

*(Осы тарау Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**26 бап. Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісінің негізгі қағидалары**

1. Мамандандырылған сауда-саттық әдісі ашық, дискреттік және тұрақты емес сауда-саттық әдістеріне жатады, Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралын орналастыруға, сатуға, өтеуін төлеп алуға және сатып алуға қатысты ғана пайдаланылады және орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушы) (бұдан әрі осы бапта – сатушы (сатып алушы)) болған кезде ғана пайдаланылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар:
  - 1) осы баптың 1 тармақшасының екінші абзацында белгіленген шарттарға сәйкес эмитенттердің мүдделерін өкілдейді, Биржа мүшелерінің бағалы қағаздарын орналастыру немесе қайта сатып алу үшін;
  - 2) осы баптың 1 тармағының екінші абзацымен белгіленген шарттарға сәйкес, аталған қаржы құралдарының эмитенттерінің мүдделерін қорғайтын Биржа мүшелері, бағалы қағаздардан басқа қаржы құралдарын орналастыру немесе қайта сатып алуы үшін;
  - 3) осы баптың 1 тармағының екінші абзацымен белгіленген шарттарға сәйкес, Биржаның кез келген мүшесі қаржы құралын сатуы немесе сатып алуы үшін арналған.
3. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар сатушының (сатып алушының) қалауы бойынша бір немесе одан да көп итерациялармен өткізілуі мүмкін; мұнда арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың бөлек итерациясы ретінде:



- 1) орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша аукцион (әріректе осы Қағиданың осы бабында және 9 тарауында – аукцион)<sup>8</sup>;
  - 2) тек бағалы қағаздарды орналастырғанда – осы Қағиданың 30 бабына сәйкес, оларды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық болады.
4. Биржа өткізетін аукциондарға оның келесі түрлері жатқызылады:
- 1) шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасы бойынша аукцион;
  - 2) бірыңғай кесімді баға бойынша аукцион;
  - 3) нарықтық өтінімдермен аукцион;
  - 4) купон мөлшерлемесін анықтау бойынша аукцион;
  - 5) белсендіру датасымен аукцион.
5. Осы баптың 4 тармағында аталған аукциондарға сәйкес өткізілетіндердің, негізгі параметрлері Қағиданың 1 қосымшасымен анықталған.
6. Аукцион өткізгенде сатушы (сатып алушы) келесі қарсылама өтінімдердің<sup>9</sup> бірін таңдауға құқылы:
- 1) ашық тәсіл<sup>10</sup>, кезінде сатушы (сатып алушы) сауда-саттыққа қатысушылармен<sup>11</sup>, берілген қарсылама өтінімдердің бағасы мен көлемі туралы мәліметтерге, ал сауда-саттыққа қатысушылардың әрқайсысы басқа сауда-саттыққа қатысушылары берген қарсылама өтінімдердің бағасы мен көлемі туралы мәліметтерге қол жеткізе алады;
  - 2) жабық тәсіл кезінде қарсылама өтінімнің бағасы мен көлемі туралы мәліметке тек сауда-саттыққа қатысушы сатушыға ғана қолжетімді болады.
7. Аукцион өткізгенде сатушы (сатып алушы) келесі шектелімді қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру тәсілдерінің бірін (орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын немесе сатып алынатын) қаржы құралының түрінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескеріп):
- 1) өтінімдердің бағасына қарай:  
кесімді баға бойынша; немесе  
кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) ұтымды болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің орташа сараланған бағасымен таңдауға құқылы;
  - 2) өтінімдер беру кезектілігіне қарай:  
Биржа қарсылама өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша; немесе  
Қарсылама өтінімдердің көлемдеріне пропорционалды.
8. Биржа қабылдаған уақыт бойынша қарсылама өтінімдерді қанағаттандырғанда бірінші кезекте, Биржа бұрынырақ қабылдаған қарсылама өтінімдер қанағаттандырылады.

---

<sup>8</sup> Қаржы құралдарын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша бірнеше аукцион өткізуге рұқсат етіледі ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

<sup>9</sup> Осында және осы бапта әріректе қарсылама өтінім деп сатып алуға (қаржы құралын орналастыру немесе сату) өтінімдерін немесе сатуға (қаржы құралын қайта сатып алу немесе сатып алу) өтінімін түсіну керек ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

<sup>10</sup> Қарсылама өтінімді ашық тәсілмен беру тек сауда-саттық жүйесіндегі арнайы мамандандырылған сауда-саттығын өткізгенде ғана мүмкін ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

<sup>11</sup> Осында және осы бапта әріректе, сатушы (сатып алушы) сауда-саттыққа қатысушылар санына кірмейді ([осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен өзгертілген](#)).

Қарсылама өтінімдерді олардың мөлшеріне сәйкес қанағаттандырылғаннан кейін, олар Биржа қабылдаған уақытына қарамастан, қарсылама өтінімдердің көлемдерінің олардың жиынтық көлеміне қатынасына сәйкес қанағаттандырылады. Егер бір бағамен берілген шектелімді қарсылама өтінімдердің жалпы көлемі нарықтық өтінімдер қанағаттандырылғаннан және сатушы (сатып алушы) өтініші қанағаттандырылмаған мөлшерден асып кетсе, жоғары бағамен ұсынылған қарсылама өтінімдердің мөлшеріне сәйкес қанағаттандырылуы мүмкін, сонымен бірге, қалған шектелімді қарсылама өтінімдерді қабылдау уақытының арасындағы айырмашылықтар осы өтінімдерді қанағаттандыру әдісін оларды қабылдау уақытына қарай қолдануды әділетті деп санау үшін маңызды емес.

9. Аукционды өткізу кезінде сатушы (сатып алушы) кейбір жағдайларда лотты белгілеуге құқылы, оның максималды мөлшері орналастыру (сату, кері сатып алу, сатып алу) кезінде орналастырылған (сатылған, кері сатып алынған, сатып алынған) қаржы құралының есептік құнының 5%-нан аспауы тиіс.
10. Аукционды өткізу үшін сатушы (сатып алушы) Биржаға, "KASE Private Market сауда-саттық алаңында мәмілелер жасасу және есеп айырысу ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, Биржаға берілген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің акцияларына мамандандырылған сауда-саттықты өткізуге өтінімді қоспағанда, осы Қағидалардың 2 қосымшасында берілген нысанындағы өтінімді (бұдан әрі осы бапта – өтініш) беруге міндетті.
11. Биржа талап етуге құқылы, ал сатушы (сатып алушы) өтінімге, II тарауда көрсетілгеннен басқа, Биржаның пікірі бойынша мамандандырылған сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге қажетті, өтінімнің қосымша талаптарды қосуға міндетті.
12. Өтінімді Биржа аукционның сатушысы (сатып алушысы) қалаған күннен кемінде үш күн бұрын (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгеннен басқа) қабылдау керек.

Сатушысы (сатып алушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан

әрі – Ұлттық Банк) болып табылатын мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру (сату, кері сатып алу, сатып алу) аукционын өткізген кезде Биржаға өтінім Ұлттық Банк аукцион өткізу үшін қалаған күннен кемінде бір жұмыс күн бұрын, бірақ аукцион басталар алдында кемінде 24 сағат бұрын, келіп түсуі керек.

13. Аукцион, өтініште көрсетілген сатушы (сатып алушы) үшін аукцион өткізу үшін қалаған күнінен (кезеңінен) шыға отырып, Биржа айнықтаған күні (кезеңде) өткізіледі.

Сауда-саттықты өткізу күнін (кезеңін) және уақытын тек кейінірек және алғашқы өтінім берілген күннен бастап екі реттен жиі емес өзгертуге рұқсат етіледі. Сатушының (сатып алушының) өтінімнің II тарауда көрсетілген арнайы мамандандырылған сауда-саттықты өткізудің басқа шарттарын өзгертуіне және/немесе толықтыруына рұқсат етілмейді.

14. Биржа аукцион өткізілетін күнді анықтаған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, осы аукцион туралы ақпараттық хабарлама Биржаның интернет-ресурсында жарияланады.
15. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықты қайталап өткізу алғашқы мамандандырылған сауда-саттық өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде және ұқсас шарттармен мүмкін болады.

Қайталама мамандандырылған сауда-саттыққа өтінім сатушының (сатып алушының) аукцион барысында Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, кері сатып алудан, сатып алудан) бас тарту туралы шешімімен бірге берілуі керек.

16. Биржа қабылдаған өтінім (сауда-саттық күнін Биржа тиісті анықтаған жағдайда) сатушы (сатып алушы) сатуға (сатып алуға) берген өтінімі болып табылады.
17. Сатушы (сатып алушы), купон мөлшерлемесін анықтайтын аукционнан басқа және бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттықтардан басқа кезде, өтінімді қабылдау аяқталғанға дейін, Биржадан сауда-саттық барысы туралы алдын-ала ақпаратты алуға құқығы жоқ *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*.
18. Аукцион басталар алдында сатушы (сатып алушы) оны өткізуден бас тартуға құқылы; бұл жағдайда:
  - 1) сатушының (сатып алушының) сатуға (сатып алуға) өтінімі жойылды деп саналады;
  - 2) Биржа өзінің интернет-ресурсында аукционның болмайтыны туралы ақпараттық хабарламасы жарияланады.
19. Өтінімде көрсетілген сауда-саттыққа қатысушылардың нарықтық өтінімдерінің рұқсат етілген пайызы 0-ден 100% -ке дейін белгіленеді және әр сатушы үшін жеке берілген шектелімді өтінімдер көлемінен есептеледі.

Нарықтық өтінімдерді беру, сауда-саттыққа қатысушысына нарықтық өтінімдердің рұқсат етілген пайызын қамтамасыз ету мақсатында, бір сауда-саттық қатысушысының шектелімді өтінімді бергеннен кейін ғана мүмкін болады; бұл жағдайда, егер сауда-саттыққа қатысушыға шаққандағы өтінімнің рұқсат етілген пайызы бұзылса, шектелімді өтінімді алып тастауға тыйым салынады.

Егер нарықтық өтінімдер көлемінің пайызы 0% деңгейінде белгіленсе, онда сауда-клирингтік жүйесінде нарықтық өтінімдер көлемінің пайызы тексерілмейді.
20. Егер Биржа бақылау және қамтамасыз ету жүйелерін пайдаланушылармен бақыланатын сауда-саттық шоттарын қолдану арқылы берілген қарсылама немесе нарықтық өтінімдерді растаудан бас тартса, мұндай шоттардағы нарықтық өтінімдер көлемінің рұқсат етілген пайызы сауда-клирингтік жүйесімен тексерілмейді.

## 27 бап.

### Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өтінімдерді қабылдау

1. Аукцион басталысымен:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушылар орналастырылған (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралдарының өз қалауымен белгілеген бағалары бойынша қарсылама өтінімдерін беру құқығына иеленеді;
  - 2) егер сауда-саттыққа қатысушылар саны екіден кем болса немесе Биржа бір де бір шектелімді қарсылама өтінімін қабылдамаса (осы баптың 2 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда), аукцион іскее аспады деп мойындалып, жарияланады;
  - 3) осы Қағиданың 26 бабы 4 тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген аукциондар өткізілген кезде бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушылары Биржаға бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын сауда-саттық шоттары қолданылатын қарсылама өтінімдерді растау үшін хабарлама немесе бас тарту жіберуге міндетті; егер Биржа осы өтінімдердің расталуын өтінімде көрсетілген мерзімде алмаса, оларды Биржа қабылдамады деп саналып, Биржа олардың күшін жояды;

- 4) Осы Қағиданың 26 бабы 4 тармағының 4) және 5) тармақшаларында қарастырылған аукциондарды өткізу кезінде бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар Биржаға, қажет болған жағдайда, бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын шоттар үшін сауда-клирингтік жүйесіне берілген қарсылама өтінімдерді растау үшін тек бас тартуды тапсыруға міндетті; белгілі бір уақыт ішінде расталудан бас тартылмаған өтінімдер, Биржа қабылдады деп саналады.
2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды немесе беймемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды орналастыру немесе сатып алу мақсатында аукционды өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің акцияларын орналастыру (сату, кері сатып алу, сатып алу) мақсатында аукцион өткізген кезде сауда-саттыққа қатысушылардың минималды саны шектелмейді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгендерден басқа мақсаттарға аукциондар өткізген кезде, сауда-саттыққа қатысушылардың саны екіден кем болмауы тиіс.

## 28 бап.

### **Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өтінімдердің қанағаттандыру**

1. Биржа қарсылама өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін:
  - 1) қарсылама өтінімдердің күші жойыла алмайды, сондай-ақ, олардың шарттары да өзгертілмейді;
  - 2) Биржа сатушыға (сатып алушыға) қабылдаған қарсылама өтінімдердің жиынтық ақпаратізімін құрастырып, береді; айтылмыш ақпаратізімге кіретін мәліметтер көлемі орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралдарының шығару шарттары мен сатушыға (сатып алушыға) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру бойынша негізделген (кесімді бағаны таңдауы туралы) немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алудан) бас тартуы туралы шешім қабылдауға қол жеткізетін өтініш параметрлері белгіленеді; Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдердің жиынтық ақпаратізіміне осы өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар туралы мәліметтер енгізілмейді.
  - 3) осы баптың 2 тармағына сәйкес, сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алудан) бас тарту туралы өзінің шешімін мәлімдейді; бұл ретте:

сатушының (сатып алушының) Биржамен қабылданған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) туралы шешімі оның орналастыратын (сататын, қайта сатып алатын, сатып алатын) қаржы құралдарының шығарылым шарттарына сәйкес бағасы (бағалары) бойынша және көлемдерінде орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралдарымен мәмілеге отыруға, өтініш параметрлерімен және осы шешіммен келісімін білдіреді;

сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағасын таңдау) шешімін қабылдағанда, сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді өтініште көрсетілген орналастырылуы (сатылуы, қайта сатып алынуы, сатып алынуы) мүмкін қаржы құралының көлемі шеңберінде, сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға және осы қаржы құралының шығарылымы

шарттарына сәйкес, осы көлемнен асыра (бірақ, қаржы құралының жалпы санынан аса емес) қанағаттандыруға құқылы;

сатушы (сатып алушы) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағасын таңдау) туралы шешімін қабылдаған жағдайда айтылмыш хабарламаға кіретін мәліметтер көлемі орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралын, осы өтінімдерді берген, орналастырылатын (сатылатын, қайта сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының шығарылым шарттарына сәйкес қанағаттандырылатын, өтініш параметрлері мен осы шешімге сәйкес келетін өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар арасында бір мәнді етіп үлестіруге Биржаға мүмкіндік беруі тиіс;

қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы хабарлама негізінде Биржа маклері сауда-саттық жүйесіне өтінімдерді беру арқылы жүзеге асырылады;

егер сатушы (сатып алушы) қаржы құралын орналастырудан (сатудан, қайта сатып алудан, сатып алудан) бас тарту шешімін қабылдаса, айтылмыш хабарламада осындай бас тартудың себептері көрсетілуі тиіс.

2. Сатушының (сатып алушының) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, кері сатып алудан, сатып алудан) бас тарту туралы шешімін Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдердің (осы баптың 3 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда) жиынтық ақпаратімін сатушыға (сатып алушыға) жібергеннен кейін екі сағаттан кешіктірмей қабылдауы керек.
3. Осы баптың 2 тармағында белгіленген шартты, егер орналастырылған (сатылған, кері сатып алынған, сатып алынған) қаржы құралы бойынша есеп айырысулар аукцион өткізілген күннен кейін жүргізілген болса, бұзуға рұқсат етіледі және и:
  - 1) аукцион өткізілгеннен кейінгі бірінші жұмыс күні осы есептеулерді жүргізу кезінде – сатушының (сатып алушының) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, кері сатып алудан, сатып алудан) бас тарту туралы шешімді Биржа аукцион өткізілгеннен кейінгі бірінші жұмыс күні Алматы уақытымен 11.00 дейін қабылдады; немесе
  - 2) Аукцион өткізілгеннен кейінгі екінші немесе кез келген келесі жұмыс күнінде осы есептеулерді жүргізу кезінде – сатушының (сатып алушының) Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау) немесе қаржы құралын орналастырудан (сатудан, кері сатып алудан, сатып алудан) бас тарту туралы шешімі, осы есептеулер басталғанға дейін Биржа бір жұмыс күнінен кешіктірмей алған.
4. Сатушы (сатып алушы) осы баптың 2 тармағында белгіленген міндеттемені бұзған жағдайда (осы баптың 3 тармағында белгіленген рұқсат етілген ауытқуды ескере отырып), Биржа сатушыға (сатып алушыға) осындай бұзушылықтар үшін толық жауапкершілікті және оның кез келген ықтимал салдарын жүктей отырып, аукционды жарамсыз деп тануға құқылы.
5. Ұлттық Банк мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру (сату, кері сатып алу, сатып алу) бойынша аукцион өткізгенде Биржа қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпаратіміне, осы өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар туралы мәліметтер енгізіледі.
6. Шектелімді қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру, осы баптың 9, 11 және 12 тармақтарына сәйкес нарықтық өтінімдермен аукцион барысында

берілген шектелімді қарсылама өтінімдерді қоспағанда, осы баптың 7 және 8 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Биржа қабылдаған шектелімді қарсылама өтінімдерді Биржаның қарсылама өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша қанағаттандыру әдісімен қанағаттандырылған кезде:
  - 1) шектелімді қарсылама өтінімде көрсетілген әдіспен қанағаттандырылады (бірыңғай кесімді бағамен немесе кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) ұтымдырақ болатын, шектелімді қарсылама өтінімнің бағасы бойынша);
  - 2) шектелімді қарсылама өтінімдер, бағасы кесімді бағаға тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін ең ұтымды болып табылатын өтінімнен бастап қанағаттандырылады;
  - 3) егер шектеулі қарсылама өтінімдердің бағасы тең болса, артықшылық Биржа оларды қабылдаған уақытына сәйкес, бұрын берілген өтінімдерге беріледі;
  - 4) шектеулі қарсы өтінім жартылай ғана қанағаттандырылуы мүмкін (осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында белгіленген шектеулі қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру тәртібіне сәйкес).
8. Биржа қабылдаған шектеулі қарсылама өтінімдерді қарсылама өтінімдердің көлеміне пропорционалды қанағаттандыру әдісімен қанағаттандырғанда:
  - 1) жекелеген шектелімді қарсылама өтінім негізінде жасалған мәміленің көлемі келесідей анықталады: осы өтінімнің мөлшері шектелімді қарсылама өтінім негізінде жасалған мәмілелердің мүмкін болатын максималды сомасының шектелімді қарсылама өтінімнің жиынтық санына қатынасына көбейтіледі; осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес алынған мән ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді және осы өтінім негізінде жасалған мәміленің көлемі болып табылады;
  - 2) мәмілелер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталатын көлемдерде шектеулі қарсылама өтінімдер негізінде жасалады; егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған шектелімді қарсылама өтінім негізінде жасалған мәміле көлемі нөлге тең болса, онда бұл өтінім қанағаттандырылуға жатпайды;
  - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жасалған шектелімді қарсылама өтінім негізінде жасалған мәмілелердің мүмкін болатын максималды сомасы мен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы арасындағы айырма анықталады;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес анықталған айырмашылық осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған шектелімді қарсылама өтінімдер арасында келесідей бөлінеді:

шектелімді қарсылама өтінімдер негізінде жасалған мәмілелердің көлемі қаржы құралының бір данасына (әрқайсысына) көбейтіледі, ал Биржада оларды қабылдаған уақыт бойынша ертерек берілген шектелімді қарсылама өтінімдерге артықшылық беріледі;

осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес мәмілелер көлемінің ұлғаюы көрсетілген айырмашылық таусылғанға дейін немесе осы тармақтың төртінші абзацында көрсетілген оқиға басталғанға дейін жалғасады (көрсетілген оқиғалардың қайсысы бұрын туындауына қарай);

осы тармақтың екінші абзацына сәйкес шектелімді қарсылама өтінім негізінде жасалған мәміле мөлшерін ұлғайту, егер мұндай өсім осы өтінімнің мөлшерінің асып кетуіне әкеп соқтыратын болса, жүзеге асырылмайды.



9. Нарықтық өтінімдермен аукцион өткізгенде шектелімді қарсылама өтінімдерді қанағаттандырғанда:
  - 1) шектелімді қарсылама өтінімдер кесімді бағаға тең немесе сатушыға ұтымдырақ болатын қарсылама өтінімдердің бағалары бойынша қанағаттандырылады;
  - 2) бағасы кесімді бағаға тең немесе одан жоғары шектелімді қарсылама өтінімдер, орналастырылған (сатылған) қаржы құралының жарияланған көлеміне қарай, толық көлемде де, жартылай да қанағаттандырылуы мүмкін.
10. Нарықтық өтінімдермен аукцион өткізгендегі қарсылама нарықтық өтінімдерді қанағаттандырғанда:
  - 1) нарықтық өтінімдер бағалары кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) қтымдырақ болатын шектелімді өтінімдердің (орналастырылатын (сатылатын) қаржы құралы түрінің ерекшеліктеріне қарай шектеулер болған жағдайда) орташа сараланған бағасы бойынша қанағаттандырылады).
  - 2) нарықтық өтінімдер сауда-саттыққа қатысушы берген өтінімдердің жалпы көлеміне қатысты аукцион басталғанға дейін анықталған шектелімді өтінімдер үлесінің шегінде қанағаттандырылады;
  - 3) егер белгіленген үлестің асып кетуіне байланысты барлық нарықтық өтінімдерді толығымен қанағаттандыру мүмкін болмаса, олар өз мөлшеріне сәйкес пропорционалды түрде қанағаттандырылады.
11. Егер нарықтық өтінімдермен аукцион өткізгенде орналастырудың жарияланған көлемінен кесімді бағамен сатып алуға өтінімдерде сұраныс асып кетсе:
  - 1) шектеулі өтінімдер, ең алдымен, шектелімді өтінімнен бастап, кесімді бағадан асатын немесе тең болатын, аукционда ұсынылған, осы қаржы құралы бойынша қанағаттандырылған шектелімді өтінімдердің жалпы көлемі қанағаттандырылғанға дейін немесе шектелімді өтінімнің бағасы кесімді бағаға тең болғанға дейін қанағаттандырылады. Егер кесімді бағамен шектелімді өтінімдердің жиынтық көлемі кесімді бағадан асып, шектелімді өтінімдер қанағаттандырылғаннан кейін қалған қаржы құралдарының көлемінен асып кетсе, кесімді баға бойынша шектелімді өтінімдер кесімді бағамен ұсынылған шектелімді өтінімдердің жалпы көлеміндегі осы өтінімдердің үлестеріне қарай пропорционалды түрде қанағаттандырылады;
  - 2) нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру үшін қол жетімді қаржы құралдарының көлемі аукционда ұсынылған қамтудың көлемі мен қанағаттандырылатын шектелімді өтінімдердің жалпы көлемі арасындағы айырмашылық ретінде анықталады;
  - 3) егер олардың жалпы көлемі нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру үшін қол жетімді қаржы құралдарының көлемінен аспаса, нарықтық өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылады. Егер нарықтық өтінімдердің жалпы көлемі нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру үшін қол жетімді бағалы қағаздар көлемінен асып кетсе, нарықтық өтінімдер берілген өтінімдердің нарықтық өтінімдердің жалпы көлеміндегі үлесіне пропорционалды түрде қанағаттандырылады.
12. Нарықтық өтінімдермен аукцион өткізген кезде кесімді баға бойынша қанағаттандырылған, өтінімнің кесімді бағамен қанағаттандырылған өтінімнің жалпы көлеміндегі осы өтінімнің үлесіне пропорционалды шектелімді өтінімді қанағаттандыру келесі түрде жүзеге асырылады:
  - 1) шектелімді өтінімнің көлемі шектелімді өтінімдердің жиынтық көлеміне шектелімді өтінімдер негізінде максималды мүмкін болатын мәмілелер көлеміне қатынасына көбейтіледі;

- 2) нәтижесінде алынған баға азайту жағына қарай бүтін санға дейін дөңгелектенеді және осы шектеулі өтінім негізінде жасалған мәміле көлемін құрайды;
  - 3) мәмілелер осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес анықталған мөлшерде шектелімді қарсылама өтінімдер негізінде жасалады;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес жасалған шектелімді өтінімдер негізінде жасалған мәмілелердің мүмкін болатын максималды жиынтық сомасы мен жасалған мәміленің жиынтық сомасы арасындағы айырмашылық анықталады;
  - 5) осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес анықталған айырмашылық осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған шектелімді өтінімдер арасында келесідей бөлінеді:
    - шектелімді өтінімдер негізінде жасалған мәмілелер мөлшерін бір бір баалы қағаздың бірлігіне көбейтіледі (әр мәміле), бұл ретте сауда-саттық жүйесіне ертерек берілген шектелімді өтінімдерге артықшылық беріледі;
    - мәмілелер мөлшерінің ұлғаюы көрсетілген айырмашылық таусылғанға дейін немесе осындай ұлғаю өтінім көлемінің артуына әкелген кезде жалғасады (қайсысы бірінші болатынына қарай).
13. Нарықтық өтінімдермен аукцион өткізгенде берілген нарықтық өтінімдердің жалпы көлеміндегі осы өтінімнің үлесіне қарай нарықтық өтінімді пропорционалды түрде қанағаттандыру келесідей жүзеге асырылады:
- 1) нарықтық өтінімнің мөлшері нарықтық өтінімдерге негізделген (нарықтық өтінімдерді қанағаттандырудың рұқсат етілген үлесі ішінде) мәмілелердің максималды мүмкін болатын жиынтық көлемінің нарықтық өтінімдердің жиынтық көлеміне қатынасына көбейтіледі;
  - 2) нәтижесінде алынған баға азайту жағына қарай бүтін санға дейін дөңгелектенеді және осы өтінімге негізделген мәміле мөлшерін құрайды;
  - 3) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған мөлшердегі нарықтық өтінімдер негізінде мәмілелер жасалады;
  - 4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес жасалған нарықтық өтінімдерге негізделген (нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру дәрежесі бойынша рұқсат етілген шектелімдер шегінде) мәмілелердің максималды мүмкін болатын жиынтық көлемі арасындағы айырмасы анықталады;
  - 5) осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес анықталған айырмашылық осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған нарықтық өтінімдер арасында келесідей бөлінеді:
    - нарықтық өтінімдерге негізделген мәмілелердің көлемі қаржы құралының бір бірлігіне (әр мәміле) көбейтіледі, бұл ретте сауда-клирингілік жүйесіне ертерек берілген өтінімдерге артықшылық беріледі;
    - мәмілелер көлемін ұлғайту көрсетілген айырмашылық таусылғанға дейін немесе мәміле көлемінің ұлғаюы тапсырыс мөлшерінің асып кетуіне әкелгенше дейін жалғасады (қайсысы бірінші болуына қарай).
14. Мамандандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды Орталық депозитарий осы клирингілік ұйыммен Орталық депозитарий жасасқан келісім-шартпен реттелетін клирингілік ұйымның бұйрықтары негізінде оның ережелер жинағына сәйкес жүзеге асырады.



Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің үлестерімен мәмілелер бойынша есеп айырысу Биржаның "KASE Private Market алаңында мәмілелер жасау және есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

**29 бап. Сауда-саттықтан кейінгі процедуралар**

1. Сауда-саттық аяқталғаннан кейін (осы Қағиданың 28 бабы 7-13 тармақшаларына сәйкес қарсы өтінімдер қанағаттандырылғаннан кейін), Биржа сатушыға (сатып алушыға) осы аукционда жасалған мәмілелердің жиынтық ақпаратізімін, соның ішінде осы мәмілелерді жасаған сауда-саттыққа қатысушылары туралы ақпаратты жібереді.
2. Мәмілелер туралы жиынтық ақпаратізімде көрсетілген ақпарат құпия болып табылады және тек сатушыға (сатып алушыға) арналған, ол осы ақпараттың ашылуына және осындай ашудың ықтимал салдары үшін жауап береді.

**30 бап. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылатын бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізудің ерекшеліктері**

1. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылатын бағалы қағаздарды қосымша орналастыру сауда-саттығы (бұдан әрі осы бапта – қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық) тек аукцион болатын күні ғана өткізіледі.
2. Қосымша орналастыру бойынша сауда-саттықты өткізгенде:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушыларға сатып алуға ұсынылатын бағалы қағаздардың бағасын қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың жалғыз сатушысы (осы бапта әріректе - сатушы<sup>12</sup> аукцион қорытындысы бойынша анықтайды;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылар, іске қосу күнімен аукцион өткізілген жағдайда, тек шектелімді немесе сатушының бағасымен өтінімдер бере алады *(осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*.
3. Қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізу үшін сатушы Биржаға еркін түрде құрастырылған, өтініш (бұдан әрі осы бапта - өтініш) беруі тиіс:
  - 1) қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың саны туралы;
  - 2) қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың бағасы туралы;
  - 3) Биржамен қарсылама өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу уақыты туралы;
  - 4) сатушының пікірі бойынша аталған сауда-саттықты өткізуге қажет болуы мүмкін өзге мәліметтер.
4. Биржаның пікірі бойынша, қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізуге қажетті, осы баптың 3 тармағында аталғандардан басқа, мәліметтер мен міндеттемелерді Биржа өтінішке қосуын талап етуге құқылы, ал сатушы орындауға міндетті.

---

<sup>12</sup> Осында және бұдан әрі осы бапта сатушы сауда-саттыққа қатысушылар санына енгізілмейді *(осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

5. Өтiнiшке қоса сатушының Биржа аукцион өткізу барысында қарсылама өтiнiмдердi қанағаттандыру (кесiмдi бағаны таңдау) туралы шешiмi Биржаға берiлуi тиiс.
6. Қоса орналастыру бойынша сауда-саттық өткізу уақыты, қаржы құралдар топтарына белгiленген сауда-саттық Регламентiмен осы қосымша орналастырылуға жататын бағалы қағаздар үшiн анықталған сауда-саттық өткізу уақытына сәйкес келуi тиiс.
7. Биржа қабылдаған өтiнiш сатушының сатуға берген өтiнiмi деп саналады.
8. Биржа өтiнiштi қабылдағаннан кейiн 30 минуттан соң, өтiнiш сауда-саттыққа әлеуеттi қатысушыларға (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесi арқылы) берiледi, сондай-ақ, Биржа сайтында қосымша орналастыру бойынша ақпараттық хабарлама жарияланады.
9. Сауда-саттық басталғанға дейiн сатушы оны өткізуден бас тартуға құқылы, бұл жағдайда:
  - 1) сатушының өтiнiмi күшiн жойды деп саналады;
  - 2) Биржа сауда-саттыққа әлеуеттi қатысушыларына (электрондық пошта немесе сауда-саттық жүйесi арқылы), сондай-ақ, Биржаның интернет-сайтында ақпараттық хабарлама жариялап, сауда-саттық болмайтыны туралы хабарлайды.
10. Қосымша орныластыру сауда-саттығы басталысымен:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушылар қарсылама өтiнiмдер беру құқығына иеленедi;
  - 2) егер Биржа ешбiр қарсылама өтiнiм қабылдамаса, қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық болмады деп мойындалып, жарияланады;
  - 3) бақылау және қамту жүйесiне қатысушылар, қанағаттандырылғанда бақылау және қамту жүйесiне қатысушылары бақылайтын сауда-саттық шоттары (осы тармақтың 4) тармақшасында белгiленген ерекшелiктердi ескерумен) қолданылатын, қарсылама өтiнiмдерiн растау немесе бас тартуы туралы Биржаға хабарлауы тиiс; егер Биржа осы өтiнiмдердiң расталуын мақұлдауын немесе бас тартуын алмаса, олардың да, Биржа қабылдамаған өтiнiмдер сияқты, күшi жойылады;
  - 4) бақылау және қамту жүйесiнiң пайдаланушылары қажеттi жағдайда бақылайтын шоттар бойынша сауда-клирингiлiк жүйесiне берiлген, қарсылама тiкелей өтiнiмдердi растаудан бас тартуларын ғана Биржаға беруге мiндеттi; белгiлi бiр уақыт аралығында растаудан бас тартулар алынбаған жағдайда, тiкелей өтiнiмдер Биржамен қабылданды деп саналады.
11. Биржаның қарсылама өтiнiмдердi қабылдау кезеңi аяқталғанда:
  - 1) қарсылама өтiнiмдердiң күшi жойыла алмайды, сондай-ақ олардың шарттары да өзгертiлмейдi;
  - 2) Биржа сатушыға қабылданған қарсылама өтiнiмдердiң жиынтық көлемi туралы мәлiметтердi қалыптастырады;
  - 3) сатушы, осы баптың 14 тармағына сәйкес, Биржа қабылдаған қарсылама өтiнiмдерiн қанағаттандыру немесе қосымша орналастырудан бас тартуы туралы шешiмiн Биржаға хабарлауы тиiс; бұл ретте:

сатушының Биржа қабылдаған қарсылама өтiнiмдерiн аукцион нәтижелерi бойынша анықталған баға бойынша қанағаттандыру туралы шешiмi, қосымша орналастырылатын бағалы қағаздар шығарылымының шарттарына сәйкес, өтiнiш параметрлерi мен осы

шешімге сәйкес, оның қосымша орналастырылатын бағалы қағаздарымен мәміле жасасуға келісімін білдіреді;

сатушы Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдағанда, сатушы Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді өтініште көрсетілген қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың саны көлемінде де, осындай көлемнен асырып та (бірақ заңнамаға сәйкес осы бағалы қағаздар шығарылымының шарттарымен орналастырылуға мүмкін бағалы қағаздардың жалпы санынан асырмай), қанағаттандыруға құқылы;

сатушы бағалы қағаздардың қосымша орналастырудан бас тарту шешімін қабылдаса, айтылмыш хабарламада осындай бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс.

12. Егер сатушы Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерін қанағаттандыру туралы шешім қабылдаса, осы өтінімдерді аукционда қалыптасқан кесімді бағамен, немесе сатушы үшін ең ұтымды болып табылатын бағамен қанағаттандырады, бұл ретте оларды қанағаттандырғанда Биржамен өтінімдерді қабылдау кезеңіне сәйкес ертерек берілгендерін артық көреді.
13. Қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін (осы баптың 12 тармағына сәйкес қарсылама өтінімдерді қанағаттандырып болғаннан кейін) Биржа сатушыға, осы мәмілелерді жасасқан сауда-саттыққа қатысушылары туралы ақпараттар қосып берілген, осы сауда-саттықта жасалған мәмілелер туралы жиынтық ақпаратізімін ұсынады.  
Айтылмыш ақпарат құпия болып табылып, тек сатушыға арналады, ол осы ақпараттың әйгілеуіне, осындай әйгілеудің кез келген салдарына толық жауапты болады.
14. Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру немесе бағалы қағаздарды орналастырудан бас тартуы туралы сатушының шешімі Биржа қабылдаған қарсылама өтінімдердің сомалық көлемі туралы мәліметтерін Биржа ұсынғаннан кейін 30 минут аралығында Биржаға берілуі тиіс.
15. Егер сатушы, осы баптың 14 тармағында белгіленген міндеттерін орындамаған жағдайда, Биржа бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық күшін жойды деп жариялауға, сондай-ақ, сатушыға осындай тәртіп бұзушылығы мен осы тәртіп бұзушылығының кез келген салдарына толық жауапкершілік жүктеуге құқылы.

**31 бап. Арнайы мамандандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілені орындамаушылықтың салдары**

Арнайы мамандандырылған сауда-саттық саттықта мәміле жасасып, бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемі, осы мәміленің сомасынан 5,0 % көлемінде төленеді. Неустойка уплачивается стороной, не исполнившей обязательства по заключенной и расторгнутой на специализированных торгах сделке в размере 5,0 % от суммы данной сделки пострадавшей стороне (при наличии у нее требования об уплате данной неустойки).

**10 тарау. ЖАЗЫЛЫМ ӘДІСІ**

**31-1 бап. Жазылым әдісінің негізгі қағидалары**

1. Жазылу әдісі жабық және тұрақты емес сауда-саттық әдістеріне жатады, тек жалғыз сатушы болған кезде және Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе олар бойынша оларды оның ресми тізіміне енгізуге Биржаның келісімі берілген бағалы қағаздарды орналастыру (сату) кезінде жүргізіледі және

мыналарды көздейді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:

- 1) жазылымға екі қатысушыдан аз және/немесе 50-ден аз инвестор қатыса алады;
- 2) жазылымды өткізу шарттары (бағалы қағаздарды бөлу тәсілі және/немесе бір бағалы қағаздың бағасы және/немесе инвестордың типі және/немесе өтінімнің мөлшері және т. б.) оны өткізудің кез келген уақытында анықтауы мүмкін.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*

2. Биржа арқылы бағалы қағаздарға жазылым жүргізудің негізгі шарттары мен тәртібі Биржаның "Бағалы қағаздарға жазылым жүргізу ережелері" атты ішкі құжатымен белгіленген.

*(Осы тарау Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*

## 11 тарау. ЖАРИЯ ҰСЫНЫС ӘДІСІ

### 31-2 бап. Жария ұсыныс әдісінің негізгі қағидалары

1. Жария ұсыныс әдісі ашық және тұрақты емес сауда-саттық әдістеріне жатады, Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе тек оның ресми тізіміне енгізуге Биржаның келісімі берілген қаржы құралын орналастыруға, сатуға, өтеуін төлеп алуға және сатып алуға қатысты және орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) болған кезде ғана пайдаланылады және мыналарды көздейді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) инвесторлардың әлеуетті шектеусіз шеңберінің жария ұсынысына қатысу, бұл сауда-саттыққа кемінде екі қатысушының және кемінде 50 инвестордың қатысуын білдіреді;
  - 2) жария ұсынысты өткізу шарттары алдын ала белгіленген (бағалы қағаздарды бөлу тәсілі және/немесе бір бағалы қағаздың бағасы және/немесе инвестордың түрі және/немесе өтінімнің мөлшері және т. б.).
2. Биржа арқылы бағалы қағаздар бойынша жария ұсынысты өткізудің негізгі шарттары мен тәртібі Биржаның "Бағалы қағаздарды жария ұсынуды жүргізу ережелері" атты ішкі құжатында белгіленген".

*(Осы тарау Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 01 наурызындағы шешімімен енгізілген)*

### 32 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағида Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.
2. Осы Қағида қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ереже қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет актуалдылануға жатады.
3. Осы Қағидаға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды (актуалдылау) уақтылы енгізу үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

ASTS+ сауда-клирингiлiк жүйесінде сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағидаға

**1 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**Аукциондар өткізудің  
НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

№ р/с	Аукцион түрі	Аукционның мақсаты	Қарсылама өтінімдер берудің тәсілі	Көрсетілген бағасы бойынша өтінімдердің түрлері	Өтінімдердің бағаларына қарай қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру әдісі	Өтінімдердің беру кезектілігіне қарай қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру әдісі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасы бойынша аукцион	Орналастыру, сату, кері сатып алу, сатып алу	ашық/ жабық	шектелімді <sup>13</sup>	Кесімді бағаға тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін ұтымдырақ болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдерді бағасы бойынша	Қарсылама өтінімдерді қабылдаған уақыт бойынша
2.	Бірыңғай кесімді баға бойынша аукцион	Орналастыру, сату, кері сатып алу, сатып алу	жабық	шектелімді <sup>12</sup>	Бірыңғай кесімді баға бойынша	Қарсылама өтінімдерді қабылдаған уақыт бойынша

<sup>13</sup> Сауда-саттыққа қатысушысы өтінімді «Кезекке қою» және «Әртүрлі баға бойынша» орындау түрі бойынша белгілерін көрсетімен өтінімдер бберуге құқылы *(осы сілтеменің нөмірі Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

Сауда-клиринглік жүйелерде сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағида

№ р/с	Аукцион түрі	Аукционның мақсаты	Қарсылама өтінімдер берудің тәсілі	Көрсетілген бағасы бойынша өтінімдердің түрлері	Өтінімдердің бағаларына қарай қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру әдісі	Өтінімдердің беру кезектілігіне қарай қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру әдісі
1	2	3	4	5	6	7
3.	Нарықтық өтінімдермен аукцион	Орналастыру, сату	жабық	шектелімді	Кесімді бағаға тең немесе сатыушы (сатып алушы) үшін ұтымдырақ болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасы бойынша	Қарсылама өтінімдерді қабылдаған уақыт бойынша
				Шектелімді және нарықтық	<b>Шектелімді:</b> Кесімді бағаға тең немесе сатыушы (сатып алушы) үшін ұтымдырақ болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасы бойынша. <b>Нарықтық:</b> бағалары кесімді бағаға тең немесе сатушыға (сатып алушыға) ұтымдырақ болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің орташа сараланған бағасы бойынша (орналастырылған (сатылатын, кері сатып алынған, сатып алынған) қаржы құралы түрінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескерумен)	Бірінші кезекте шектелімді қарсылама өтінімдер, екінші кезекте – нарықтық өтінімдер қанағаттандырылады (шектелімді қарсылама өтінімдердің көлемі жеткіліксіз болған жағдайда)
4.	Купон мөлшерлемесін анықтау	орналастыру	жабық	шектегі <sup>14</sup> тікелей	1) бірыңғай кесімді баға бойынша; немесе	1) қарсылама өтінімдерді қабылдаған уақыт бойынша; немесе

<sup>14</sup> Купон мөлшерлемесін анықтау үшін аукцион өткізген кезде тікелей мәміленің міндетті реквизиті "Сілтеме" өрісі болып табылады, ол сауда-саттыққа қатысушылар

Сауда-клирингтік жүйелерде сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағида

№ р/с	Аукцион түрі	Аукционның мақсаты	Қарсылама өтінімдер берудің тәсілі	Көрсетілген бағасы бойынша өтінімдердің түрлері	Өтінімдердің бағаларына қарай қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру әдісі	Өтінімдердің беру кезектілігіне қарай қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру әдісі
1	2	3	4	5	6	7
	бойынша аукцион				2) кесімді бағаға тең немесе сатыушы (сатып алушы) үшін ұтымдырақ болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасы бойынша	2) қарсылама өтінімдердің көлемдеріне пропорционалды түрде
5.	Белсендіру датасымен аукцион	Ораналастыру, сату	жабық	<p>шектелімді<sup>15</sup> тікелей</p> <p>Шектелімді тікелей / сатушының бағасы бойынша өтінімдер</p>	<p>1) бірыңғай кесімді баға бойынша; немесе</p> <p>2) кесімді бағаға тең немесе сатыушы (сатып алушы) үшін ұтымдырақ болып табылатын, шектелімді қарсылама өтінімдердің бағасы бойынша</p>	<p>1) қарсылама өтінімдерді қабылдаған уақыт бойынша; немесе</p> <p>2) қарсылама өтінімдердің көлемдеріне пропорционалды түрде</p>

үшін қолайлы сыйақы мөлшерлемесінің мәнін көрсету үшін қолданылады (қолайлы пайыздық мөлшерлемесінің мөлшері деп аукцион барысында анықталған, оны жариялағанда сауда-саттыққа қатысушысы өз өтінімінде көрсеткен, қаржы құралының санын атып алуға дайын болатын, қаржы құралының сомасын купон бойынша пайыздық мөлшерлеменің мөлшерін түсіну керек). "Сілтеме" өрісі толтырылмаған өтінімдер қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді ([осы сілтеменің нәмірі Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген](#)).

<sup>15</sup> Сауда-саттыққа қатысушылардың белсендіру күнін көрсеткен, өтінімдерді қабылдау бірнеше күн ішінде жүзеге асырылуы мүмкін (белсендіру күні деп сауда-саттық жүйесі өтінімді толық қамтудың бар-жоғына тексеретін күнді білдіреді); сонымен бірге, Биржа барлық сауда-саттыққа қатысушылар үшін бірыңғай белсендіру күнін белгілей алады ([осы сілтеменің нәмірі Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген](#)).



ASTS+ сауда-клирингілік  
жүйесінде сауда-саттық өткізу  
әдістері туралы қағидаға

**2 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің  
2020 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

**Анрайы мамандандырылған сауда-саттық өткізуге**

**Ө Т І Н І Ш**

(Биржаның "қор" санаты бойынша мүшесінің толық атауы)

[бағалы қағаздардың атауы] [қаржы құралын орналастыру, сату, кері сатып алу, сатып алу]  
бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықты көрсетілген параметрлер мен келесі  
шарттар бойынша ұйымдастыруды сұрайды.

<b>I ТАРАУ. ШЫҒАРЫЛЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІ</b>		
1.	Қаржы құралының түрі	
3.	ҰСН / ISIN	
4.	Сауда-саттық коды	
5.	Шығарылым валютасы	
6.	Номиналды құны (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
7.	Шығарылым көлемі <i>(шығарылым валютасында):</i> – тіркелген – орналастырылған	
8.	Айналыста болуының соңғы күні (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
9.	Өтелуінің басталатын күні (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
10.	Айналысының басталған күні (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
11.	Купон мөлшерлемесі (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	

12.	Купондарды төлеу мерзімділігі (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
13.	Купондарды төлеуді бастау күні (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
15	Уақыттық базасы (бар болса) <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлары кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)</i>	

II ТАРАУ. АРНАЙЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ		
1.	Аукцион түрі	
2.	Сауда-саттық күні	
3.	Орналастырудың жарияланған көлемі	
4.	Өтінімдерді қабылдау уақыты	
5.	Өтінімдерді қабылдауды аяқтау уақыты	
6.	Өтінімдерді растау кезеңі	
7.	Кесімдеу датасы мен уақыты	
8.	Өтінімдер берудің тәсілі	
9.	Өтінімдердің бағасына қарай шектелімді өтінімдерді қанағаттандыру әдісі	
10.	Өтінімдердің беру кезектілігіне қарай шектелімді өтінімдерді қанағаттандыру әдісі	
11.	Қаржы құралының бағасы	
12.	Лот көлемі ( <i>бар болса</i> )	
13.	Өтінімдегі қаржы құралының саны	
14.	Өтінімдерді кесімдеу әдісі	
15.	Өтінімнің көлемі	
16.	Мәміленің көлемі	
17.	Төлеудің датасы мен уақыты	
18.	Есептесу жүргізудің шарттары	
19.	Есептесу жүргізудің шарттары	
20.	Қаржы құралын шегеру/қосу үшін қосалқы шоттың нөмірі	
21.	Арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың басқа да шарттары ( <i>қажет болса</i> )	

[Биржаның "қор" санаты бойынша мүшесінің атқарушы органы жетекшісінің лауазымы]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

М.О.